



«Жастардың қоғамдық пайдалы қызметке тартылуы»

Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері
бойынша талдамалық есеп

**Жастардың қоғамдық пайдалы қызметке тартылуы /
Вовлеченность молодежи в общественно полезную деятельность /**
Аюпова Р.Р., Башарина Т.В., Аубакирова Ш.К., Казтаева С.С. – Астана:
«Молодежь» ҒЗО, 2016. – 181 с.

Бұл баяндама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен жүргізілген: «Жастардың қоғамдық пайдалы қызметке тартылуы» әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне негізделген. Жастар арасында әлеуметтік белсенділік деңгейін, қоғамдық пайдалы қызметке тартылу деңгейін, қоғамдық пайдалы қызметке қатысу және қатыспау себептерін, сондай-ақ жастар арасында еріктілікті дамыту турасында жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін ұсынады.

Данный доклад основан на результатах социологического исследования на тему «Вовлеченность молодежи в общественно полезную деятельность», проведенного по заказу Министерства образования и науки Республики Казахстан. Представляет собой результаты исследования уровня социальной активности среди молодежи, уровня вовлеченности в общественно полезную деятельность, причин участия и неучастия в общественно полезной деятельности, а также исследования развития волонтерства в молодежной среде.

«Жастар» ғылыми-зерттеу ортылығы
010000, Қазақстан Республикасы
Астана қ., Б. Момышұлы даңғылы, 19а
Тел.: +7 /7172/ 79 25 45

Мазмұны

1 тарау. Зерттеу бағдарламасы	4
1.1 Зерттеудің өзектілігі және негіздемесі	4
1.2 Зерттеудің мақсаты мен міндеттері	6
1.3 Зерттеу гипотезалары	6
1.4 Негізгі түсініктерді интерпретациялау	6
1.5 Зерттеудің технологиялық бөлігі	8
2 тарау. Жастардың әлеуметтік белсенділік деңгейі.....	11
2.1 Азаматтық белсенділік.....	11
2.2 Жастардың қоғамдық-саяси белсенділігі.....	22
2.3 Қазақстандық жастардың патриотизм деңгейі.....	28
Тарау бойынша қорытындылар	34
3 тарау. Жастардың қоғамдық пайдалы қызметке тартылу деңгейі.....	36
3.1 Қоғамдық пайдалы қызмет әлеуметтік құбылыс іспеттес.....	36
3.2 Жастардың еріктілер қозғалысына көзқарасы.....	44
3.3 Жастардың қоғамдық пайдалы қызметке қатысу және қатыспау себептері.....	50
Тарау бойынша қорытындылар	55
4 тарау. Жастар саясаты бағдарламалары мен жобаларына жастардың тартылуы және хабардар болуы	57
Тарау бойынша қорытындылар	59
Қорытынды	60
Қосымшалар.....	62

I тарау. ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.1 Зерттеудің өзектілігі және негіздемесі

Қазақстан жастары – бұл елді әлеуметтік модернизациялаудың басты қозғаушы күші. Елбасы Н.Ә. Назарбаев қоғамдық-саяси үрдістерді, материалдық және рухани байлықтар өндірісін қалыптастыруда жастардың маңыздылығын ұдайы атап отырады. Заманауи жағдайда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру, Жалпыға бірдей Еңбек Қоғамын қалыптастыруда жас адамдардың өз-өзін жетілдіруге, өзінің құзіреттілігін дамытуға белсенді қол жеткізуге талпынысы ерекше болуы шарт.

Қазіргі уақытта жастар үшін қоғамдық-пайдалы қызмет өздерінің әлеуметтік белсенділігін және азаматтық көзқарасын білдірудің негізгі формасы болып табылады.

Қоғамдық-пайдалы қызмет адами тәрбиелеу қызметін атқарып, жастар ортасында азаматтық, қайырымдылық, әділеттілік, адамгершілік, ықыластылық сияқты фундаменталды құндылықтарды қайта енгізіп, азаматтық сипатқа ие болады. Бұл өз-өзінде өте алуан түрлі қызметтерді қамтып, өзара көмек көрсету және өз-өзіне көмек етудің, кең қауымдастыққа еш ақысыз ерікті түрде атқарылатын ресми түрде қызмет көрсету және азаматтық қатысудың өзге де түрлерін қамтитын дәстүрлі нысандарынан тұрады. Осымен қатар, қоғамдық-пайдалы қызмет – бұл жас адамдар арасында сананың және әрекет етудің нақты стереотиптерін қалыптастыратын құндылықтар бағыттауларын қалыптастырушы көзі болып табылады.

Алайда, америкалық ғалым Р. Инглхарттың басқаруымен жүргізілген халықаралық ғылыми-зерттеу жобасының нәтижелері бойынша (6 толқын нәтижелері бойынша WVS: 2010-2014) қазақстандық жастар қоғамдық шараларда қатысудың төмен деңгейін көрсетеді деген қорытынды жасаған. Атап айтсақ, 18-29 жасындағы 86,7 % жас қазақстандықтар өнер, музыкамен байланысы бар ұйымдар, білім беру үйірмелеріне қатыспайды екен. Жастардың тек 5,3 % гуманитарлық және қайырымдылық ұйымдарға қатысады. Жастардың спорттық және салауатты өмір салты шараларына қызығушылығы зор екені байқалады. Қатысушылардың жиынтық пайызы бұл көрсеткіш бойынша 18,3 % құрады¹.

Осындай көрсеткіштерді отандық жастар қоғамдық пікіртерім сауалнамалар нәтижелері де көрсетіп отыр. «Сіз соңғы жыл ішінде кез келген ұйымның, топтың немесе жеке өзіңіз басқа адамдардың немесе

¹ <http://www.worldvaluessurvey.org/WVSONline.jsp>

қауымдастықтың игілігі үшін тегін жұмыс жасап көрдіңіз бе?» деген сұраққа жауап берген жастардың 80 % астамы жоқ деген жауап беріп отыр.²

Сонымен қатар «Ұлттық еріктілік желісі» ЗТҰ зерттеу нәтижелері бойынша еріктілер қызметіне ұзақ уақыт бойы араласып келгендер үлесі де азшылықты көрсетіп отыр. Жауап берушілердің басым көпшілігі 78,9 % еріктілер қозғалысына қатысу тәжірибесі 1 жылға дейін ғана. Осымен бірге, 2 жылдан 5 жылдан аса (18,9%) осындай қызмет тәжірибесі бар еріктілердің болуы жастар арасында еріктілердің қызметі танымалдылыққа ие болып келе жатыр деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Осыдан еріктілердің қызметі танымалдылыққа ие болғанына қарамастан, жас қазақстандықтар арасында ерікті түрде қоғамдық қызмет практикасы кең таралмағанын аңғартады, бұл Қазақстандағы азаматтық секторының дамуына тежегіш фактор болып табылады.³

Демек, аталмыш зерттеудің өзектілігі алдымен жастардың қоғамдық-пайдалы қызметке қатысуы азаматтық ұстанымды дамытудың және қалыптастырудың, жастар арасында патриотизмді тәрбиелеудің басты инструменті болуымен ерекшеленеді.

Жастардың әлеуметтік-саяси санасының қалыптасу үдерісін, оның заманауи Қазақстан жағдайында рөлін ой елегінен өткізіп – жастар тек өзгерістер әлеуеті ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік және саяси тұрақсыздықтың факторы болуы мүмкін екенін атап өту қажет. Ауыспалы кезеңдегі тұрақсыздық жастардың әлеуметтік-саяси санасының саласында бірқатар проблемалардың көкейкестілігін аңғартады.

Жастардың проблемаларын шешу жолдары, оның ішінде әлеуметтік-саяси санасының саласындағы, жастар саясатының бүкіл жүйесін жетілдірдіруде, сондай-ақ қазақстандық қоғамы дамуының фундаменталды проблемаларын шешу кезінде де.

Бүгін әлеуметтік-экономикалық даму проблемаларын шешумен қатар адами құндылықтарды қалыптастырудың жаңа тұжырымдамасы қажет. Заңнамалық және тәрбиелік сипаттағы шараларды қабылдау қажет, нәтижесінде ынталандырудың жаңа механизмі қалыптасуы тиіс, ол жастардың қоғамдық пайдалы қызметке қатысуын, оның тартылуын және қоғамдық маңызға ие проблемаларға қызығушылығын арта түсіріп, ынталандыруы тиіс.

Социологиялық зерттеу барысында 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастар арасында, сондай-ақ сарапшылар арасында талдау жасау үшін мәліметтер жиналды. Сарапшылар ретінде жоғары оқу орындары, колледж өкілдері, оның ішінде декандардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, коммерциялық емес жастар ұйымдары, мәдениет үйлері, жастар саясаты

² «Қазақстан Республикасында еріктілікті дамыту» кешенді әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп - «Молодежь» ҒЗО, 2014г.

³ «Успешный опыт работы по развитию волонтерства в Казахстане» - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен «Национальная волонтерская сеть» ОЮЛ талдамалық есебі, 2015г.

орталықтары, жастар істері бойынша комитеттері мен жастар ресурстық орталықтарының өкілдері тартылды.

1.2 Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Аталмыш зерттеудің мақсаты қазақстандық жастардың қоғамдық пайдалы қызметке араласу деңгейін бағалау болып табылады.

Қойылып отырған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі басты *зерттеу міндеттері* анықталып отыр:

- жастардың әлеуметтік белсенділік деңгейін анықтау;
- жастардың қоғамдық пайдалы қызметінің бір түрі ретінде еріктілікке көзқарасын зерттеу;
- жастардың азаматтық белсенділіктің түрлі формаларына, әлеуметтік практикаларға көзқарасын зерттеу;
- жастардың қоғамдық пайдалы қызметке араласу себептерін зерттеу;
- жастардың құндылықтар ұстанымдарын және бағыттауларын анықтау;
- жастарды дамытуға және қолдауға бағытталған жастар саясаты саласындағы жобалар мен бағдарламалар туралы жастардың хабардар болуын зерттеу, оларға көзқарасын анықтау;
- Қазақстан жастарының жастар саясаты саласындағы жобалар мен бағдарламаларға араласуын зерттеу;
- Мемлекеттік жастар саясатын одан әрі жетілдіру мақсатында мүдделі органдар мен ұйымдар үшін ұсыныстар әзірлеу.

1.3 Зерттеу гипотезасы

Соңғы бірнеше жылда жастар арасында қоғамдық пайдалы қызметке қатысу көрсеткіші өсе түсті, бұл көрсеткішке жастар арасында әлеуметтік желілердің танымалдылығы және ақпаратқа қолжетімділіктің ашық болуы ықпал етті. Сонымен қатар жастардың қоғамдық пайдалы қызметке қатысуы сұхбатқа түсудің жаңа түрі іспеттес болуда. Жастар қоғамдық пайдалы қызметке қатысуды жалғастыра.

Еріктілік жастардың қоғамдық пайдалы қызметке қатысудың ең танымал құралы болып табылады.

Жастардың қоғамдық пайдалы қызметке тартылудың негізгі себебі жеке өзін-өзі дамыту, шығармашылық бастамаларды жүзеге асыру, құрдастарымен пікіралмасу және т.т. болуы мүмкін.

Жастардың қоғамдық пайдалы қызметке тартылуы жастар арасында патриотизм деңгейін, жастардың азаматтық белсенділігін және олардың жауапкершілігін арттырады.

1.4 Негізгі түсініктерді интерпретациялау

Қоғамдық пайдалы қызмет (ҚПК) – әр адамның және жалпы қоғамның тұтынуларын қанағаттандыру үшін қажет адамдардың материалдық және

рухани игіліктерін жасауға бағытталған саналы, мақсаты белгіленген және заңға қайшы келмейтін әрекет.

Ерікті жұмыс – бұл ерікті түрде, еш мәжбүрлеусіз атқарылған жұмыс.

Әлеуметтік белсенділік – адамның шығармашылықта, іскери шешімдер, тілдесу кезінде, тәрбиеде көрініс табатын материалдық және рухани байлықтарды жинақтау негізінде әлемде қоғамдық маңызды өзгертулерді іске асыру қабілеті. Әлеуметтік белсенділік адамның қоғамда өзін-өзі анықтаудың талабы болып табылады және мұны педагогикалық практиканы ұйымдастыру кезінде ескерген маңызды.

Сондай-ақ, адамның саналы әрекеті, ол өзін қоршаған қоғамдық шарттарын өзгертеді, өзінің бойында өзі қалайтын тұлғаның қасиеттерін тәрбиелейді. Әлеуметтік белсенділік тарихи үдерістің жүрісін өзгерте алатын іскер, белсенді субъект ретінде индивидті қалыптастырудың қажет талабы болып табылады. Ол тұлғаның жан-жақты дамуының қажетті алғышарты болып табылады. Ол түрлі формаларда көрініс табады. Әлеуметтік белсенділіктің негізгі салалары саяси, еңбек, ғылыми, эстетикалық салалар болып табылады.

Жас адамдардың түрлі әлеуметтік тұтынулар мен мүдделерін қанағаттандыруға және жүзеге асыру үшін дербес қоғам және мемлекет өміріне қатысуға ұмтылысы әлеуметтік белсенділіктің түрлі нысандарына пайда болуына апарды.

Жастар – Қазақстан Республикасының 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастағы азаматтар. Жастар – бұл ерекше әлеуметтік-жастылық топ, ол жас ерекшелік шеңберімен және өзінің мәртебесімен қоғамда ерекшеленеді: балалық шақтан жасөспірім жасқа дейін әлеуметтік жауапкершілікке ауысқанша. Кейбір ғалымдар жастарды қоғам әлеуметтік тұрғыдан аяққа тұруға мүмкіндік берілетін жас адамдардың жиыны деп түсінеді, оларға жеңілдіктермен қамтамасыз етеді, бірақ социум өмірінің кейбір салаларына қатысу мүмкіндігін шектейді.

Жастар әлеуметтік практикалары күнделікті өмірде қоғамдық маңызды шешімдерді қабылдауға, қабылданған шешімдердің нәтижелеріне жауапты болуға, сондай-ақ демократиялық әдістер арқылы әлеуметтік қоршаған ортаға ықпал ету құқығына қосылуы мүмкін жас адамдардың мүдделері мен құқықтарын жүзеге асыруға бағытталған әрекеттер мен қалыптасқан әдеттердің жиынтығы іспеттес.

Құндылықтар бағыттаулары – адам санасында стратегиялық өмірлік мақсаттар мен жалпы дүниетаным бағдары ретінде қабылданатын құндылықтардың шағылысуы.

Еріктілік немесе еріктілік қызмет – бұл өзара көмек көрсету және өзіне көмек көрсетудің дәстүрлі нысандары, ресми түрде қызмет көрсету және азаматтық қатысудың өзге түрлері қосылатын кең әрекеттер, олар кең қоғамдастықтың игілігі үшін еш сыйақыны есепке алмай ерікті түрде жүзеге асырылады. Еріктілер, заңның көзқарасы бойынша – бұл қайырымдылық қызметті қайтарымсыз атқару түрінде жұмыстарды, қызмет көрсетуді (еріктілік қызмет) жүзеге асыратын жеке тұлғалар.

Азаматтық белсенділік – бұл ел азаматының азаматтық қоғамды қалыптастыруға және онда ыңғайлы өмір сүруге бағытталған кез келген заңды белсенділігі.

Жастардың азаматтық белсенділігі – жастардың және жастар әлеуметтік топтарының азаматтық қоғамды өзгертуге және дамытуға бағытталған қызметі.

Жастардың саяси белсенділігі – бұл ұлттық және халықаралық саясат саласында жүзеге асырылатын әлеуметтік белсенділіктің формасы; саяси өмірдегі адами көзқарастың фундаменталды элементтің бірі. Қоғамдық саяси белсенділік ұдайы түрде қоғамдық-саяси қозғалыстардың, партиялардың, бейбітшілік және экологиялық бірлестіктердің, құқық қорғау ұйымдарының, азаматтардың өзін-өзі ұжымдық жетілдіру құрылымдары (қысым жасайтын бастамашыл топтар, қоғамдық сараптама кеңестері және т. т.) жұмысына қатысу кезінде толық көрініс табады. Ашық көріністі саяси сипаттағы электоралды белсенділік кезінде көруге болады.

Қоғамдық ұйым – жалпы мүдделерді қорғауға және біріккен адамдардың жарғылық мақсаттарына жету үшін құрылған мүшелікке негізделген қоғамдық бірлестік.

1.5 Зерттеудің технологиялық бөлігі

Таңдау жиынтығының көлемі

Таңдау жиынтығының көлемі 2 000 сұраққа жауап берушіні құрайды. Социологиялық зерттеуді жүргізу аймағы Қазақстан Республикасының бүкіл аймақтарын – республикалық маңызға ие Астана мен Алматы қалаларын және Қазақстанның 14 облысын қамтиды. Зерттеу барысында стратификацияланған көпсатылы таңдау әдісі қолданылды. Алдымен, елдің 14 аймағы бойынша облыстар мен республикалық маңызға ие тұрғындардың санына қарай талдау жасалды. Содан соң әр облыс бойынша қалалық және ауылдық тұрғындардың көлемі есептелінді.

Аталмыш зерттеу барысында зерттелетін бірліктерді таңдау бірнеше сатыда жүргізілді: мүмкіндік дизайн таңдауы қолданылды. Мүмкіндік дизайн таңдауы бойынша кез келген адам (14 жастан 29 жасқа дейінгі) жиынтық шегінде талдауға қатысуға таңдалып алынуға тең мүмкіндікке ие болады. Стратификацияланған көпсатылы таңдау әдісі қолданылды. Атап айтсақ, негізгі страт болып келесілер таңдалды:

1 саты. Облыстар бойынша таңдау – облыстар мен республикалық маңызға ие қалалардың 14 жастан 29 жасқа дейінгі тұрғындар санына қарай, елдің 16 аймағы –Астана мен Алматы қалалары, 14 облыс орталықтары бойынша таңдау көлемі анықталды.

2 саты. Қала-ауыл принципі бойынша таңдау – әр облыста қалалық және ауылдық таңдаудың көлемі есептелді.

3 саты. Сөре нүктесін таңдау – таңдалынып алынған әр елдімекеннің шегінде кездейсоқ түрде бағыттың сөре нүктесі мен сұраққа жауап берушілер саны белгіленеді.

4 саты. Үйлерді анықтау – сөре нүктесінен бастап бағыт бойынша «сол қол» ережесі бойынша жылжып отырып, үйлер таңдалады.

5 саты. Жауап берушілерді квотаға сәйкес таңдау – жекелеген үйде сұраққа жауап берушілер екі тетік бойынша таңдалады: жыныстық, жас ерекшелігіне сәйкес квота – сұраққа жауап берушінің жасы 14 жастан кем емес және 29 жастан аспауы тиіс, сондай-ақ жынысы жағынан репрезентативті таңдау болуы шарт (сұраққа жауап беретін әйелдер мен ерлердің саны әр облыс, қала және село бойынша Статистика комитетінің деректеріне сәйкес есептелініп алынды).

1 кесте. Жоба бойынша таңдау ерекшелігі, адам

	Барлық тұрғындар			Қала тұрғындары			Ауыл тұрғындары		
	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер	Екі жыныс	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2000	1004	996	1136	567	569	863	441	422
Ақмола облысы	78	40	38	36	19	17	42	22	20
Ақтөбе облысы	101	50	51	63	31	32	38	19	19
Алматы облысы	215	110	105	50	26	24	165	84	81
Атырау облысы	68	34	34	31	16	15	37	19	18
Батыс-Қазақстан облысы	72	37	35	35	18	17	37	19	18
Жамбыл облысы	121	61	60	48	25	23	73	38	35
Қарағанды облысы	150	76	74	118	60	58	32	16	16
Қостанай облысы	96	48	48	50	25	25	46	23	23
Қызылорда облысы	89	46	43	37	19	18	52	27	25
Манғыстау облысы	73	37	36	34	17	17	39	20	19
Оңтүстік-Қазақстан облысы	341	173	168	149	76	73	194	98	94
Павлодар облысы	79	40	39	55	28	27	24	12	12
Солтүстік-Қазақстан облысы	56	29	27	25	13	12	31	16	15
Шығыс-Қазақстан облысы	146	75	71	91	46	44	55	28	17
Астана қ.	104	50	54	104	50	54	-	-	-
Алматы қ.	211	98	113	211	98	113	-	-	-

* ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2015 жылғы мәліметтері бойынша

Таңдау репрезентативті болып табылады, яғни белгіленген параметрлер бойынша жауап берушілердің құрамы бас ерекшелікте (Статистика комитетінің 2015 жылғы арналған мәліметтері бойынша) берілген тиісті пропорцияларға жақындатылған. Сонымен бірге орташа деректердің таңдау ерекшелігінің бас ерекшелігінен ауытқуы $\pm 3,5\%$ аспайды.

Жүргізілген зерттеуде қолданылған сауалнама техникасы - бұл face-to-face интервью, яғни интервьюер жеке сауалнама алып, жауап берушінің үйінде өзіндік толтыру элементтерін қоса пайдаланып, оның ауызша жауаптарын сауалнамаға енгізу арқылы жүргізеді.

Алынған деректерді тексеру үшін, атап айтсақ интервьюерлердің жұмыс сапасын тексеру мониторингін және сауалнаманы жалған толтырудан сақтану үшін толтырылған сауалнаманың жалпы көліменен 30% зерттеуге

қатысқан жауап берушілерден телефон арқылы және жаяу жүріп жауап алу арқылы кеңістікке бақылау жүргізілді.

Социологиялық зерттеу шеңберінде сараптамалық пікіртерім жүргізілді, оған 112 сарапшы қатыстырылды.

Сарапшылар ретінде колледж, жоғары оқу орындарының өкілдері, оның ішінде декандардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, коммерциялық емес жастар ұйымдары, мәдениет үйлері, жастар саясаты орталықтары, жастар істері бойынша комитеттері мен жастар ресурстық орталықтарының өкілдері.

Ақпарат жинау әдісі

Ақпарат жинау әдісі 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастарды жаппай сұрау «face-to-face» әдісі. Жаппай сұрау әдісі шеңберінде ақпарат жинау сұраққа жауап берушілердің тұрғылықты мекенжайы бойынша жүргізілді (пәтердегі сауалнама деп аталатын), немесе нақты оқу/жұмыс/жұмыспен камту орталықтарында (жедел іздестіру үшін және мақсатты топ мүшелерімен бірден тілдесу үшін). Таңдалып алынған әдіс ағымдағы зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Ақпаратты өңдеу әдісі

Бастапқы деректерді енгізу, оларды өңдеу, сондай-ақ біркөлемді, екікөлемді кестелерді шығару, корреляциялық және кластерлік талдаулар SPSS орыс тіліндегі компьютерлік бағдарламасының 21 версиясы арқылы есептелінді.

Ақпаратты талдау әдістері

Бастапқы социологиялық ақпаратты талдаудың негізгі әдісі келесілер болып табылады:

- 1) біркөлемді, екікөлемді деректерді талдау;
- 2) корреляциялық талдау;
- 3) кластерлік талдау.

Зерттеу кезеңі: қазан, 2016 жыл.


2 тарау. Жастардың әлеуметтік белсенділік деңгейі

2.1 Жастардың азаматтық белсенділігі

Сауалнама нәтижелері жауап берген жастардың көпшілігі сыйақысы төленбеген қандай да бір қоғамдық жұмысты атқарғандарын көрсетіп отыр. Жауап берушілердің 52,2% оқу кезінде қоғамдық жұмысқа араласқандарын белгіледі, жауап берушілердің ширегінен көбі (27,2%) қоғамдық жұмыспен жұмыс орнында айналысқанын көрсетіп отыр, жауап берушілердің тағы 12,6% өздерінің тұрып жатқан орындарында сыйақысыз қызметті орындағандарын алға тартты (1 диаграмма).

Қоғамдық жұмыстардың қатысушысы ретінде (сыйақысыз) ешқашан жұмыс істемеген жас қазақстандық жауап берушілердің 14,9% құрады.

1 диаграмма. «Сіз ешқандай сыйақы, төлемақы төленбейтін қоғамдық жұмысқа қатысып көрдіңіз бе, мысалы, жалпықалалық сенбіліктегі тазалық жұмысы, жалғызбасты зейнеткерлер мен мүгедектерге көмек көрсету, ағаш отырғызу және т.т.?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)



Еш сыйақы төленбеген қоғамдық жұмысқа жас адамдардың қатысуы аймақтар бойынша келесідей көрініс тапты.

Манғыстау және Қызылорда облыстарында жұмыс орындары бойынша қоғамдық жұмысқа қатысқан жауап берген жастардың үлесі көп (мысалы, жалпықалалық сенбіліктегі жұмыс) – сәйкесінше 43,8% және 47,2% (1 кесте).

Ақтөбе, Атырау, Қарағанды және Солтүстік-Қазақстан облыстарында тұратын жауап беруші жастардың 65% қоғамдық жұмыстарға оқу кезінде араласқан болып шықты. Қоғамдық жұмыстың кең таралған формасы – бұл оқушыларды (студенттер мен мектеп оқушыларын) қалалық, ауылдық шараларға қатыстыру екені баршаға мәлім.

Батыс-Қазақстан, Қарағанды және Оңтүстік-Қазақстан облыстарының жастары өзге аймақтарға қарағанда жиі тұрғылықты мекенжайы бойынша

қоғамдық жұмыстарға тартылған болып шықты. Нақты айтқанда бұл еріктілік принципі бойынша жұмыс істейтін және қоғамдық жұмыстарды атқаруға саналы түрде дайын қатысушылар категориясы.

Ақысы төленбейтін қоғамдық жұмыстарды атқардыңыз ба деген сұраққа жиі жоқ деп жауап берген аймақтарды жеке атап өту қажет – бұл Жамбыл (22,3%), Қостанай (24,0%), Павлодар (21,5%), Оңтүстік-Қазақстан (25,9%) облыстары және Астана қ. (21,2%).

1 кесте. «Сіз ешқандай сыйақы, төлемақы төленбейтін қоғамдық жұмысқа қатысып көрдіңіз бе, мысалы, жалпықалалық сенбіліктегі тазалық жұмысы, жалғызбасты зейнеткерлер мен мүгедектерге көмек көрсету, ағаш отырғызу және т.т.» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (% , облыстар арасынан)

	Иә, жұмыс орны бойынша	Иә, оқу кезінде	Иә, тұрғылықты мекенжай бойынша	Иә, қоғамдық ұйымда	Жоқ, ҚПҚ айналысып көрген емеспін
Ақмола	28,2	57,7	6,4	2,6	7,7
Ақтөбе	30,7	67,3	12,9	2,0	2,0
Алматы	21,4	43,7	14,0	4,2	10,7
Атырау	11,4	67,0	3,4	5,7	15,9
Шығыс-Қазақстан	26,7	50,0	12,3	0,7	11,0
Жамбыл	33,9	50,4	13,2	7,4	22,3
Батыс-Қазақстан	33,3	45,8	19,4	1,4	2,8
Қарағанды	29,3	67,3	22,7	4,0	10,0
Қостанай	29,2	40,6	6,3	5,2	24,0
Қызылорда	47,2	42,7	7,9	4,5	7,9
Манғыстау	43,8	43,8	-	-	19,2
Павлодар	32,9	44,3	15,2	1,3	21,5
Солтүстік-Қазақстан	23,2	71,4	1,8	1,8	1,8
Оңтүстік-Қазақстан	16,2	46,7	19,3	0,9	25,9
Астана қ.	32,7	58,7	12,5	4,8	21,2
Алматы қ.	28,0	54,5	8,1	2,8	12,3

Соңғы жыл ішінде жастар қатысқан қоғамдық жұмыстардың ең таралған түрі – бұл сенбіліктер және жақын маңдағы аймақтарды тазалау, бұл жауапты жауап берушілердің жартысынан көбі белгілеген (49,7%). Басқа қоғамдық жұмыстар қатысымы жиілігі жағынан есе жібереді. Жауап беруші жастардың 17,7% соңғы жылда ауыр жағдайға тап болған адамдарға қаражат, киім-кешек, қаражат жинауға, 12,7% - кірберістерді, үйлерді, балалар алаңдарын, қоршаған аумақтарды ұжымдасып аббаттандыруға қатысқан, жауап берушілердің тағы 12,4% сайлау науқанын өткізуге атсалысты.

Жауап беруші жас адамдардың екіден бір бөлігінен азы соңғы жылда қоғамдық қызметке араласпадым деп жауап берді (24,0%).

2 кесте. «Соңғы жылда Сіз қандай іс-шараларға қатыстыңыз?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)

	%
Сенбілік, жақын маңдағы аймақтарды жинастыру іс-шаралары	49,7
Ауыр жағдайға тап болған адамдарға қаражат, киім-кешек жинау	17,7
Ағаштар отырғызу және басқа да көгалдандыру жұмыстарына қатысу	14,3
Кірберістерді, үйлерді, балалар алаңдарын, қоршаған аумақтарды ұжымдасып аббаттандыру	12,7
Сайлау науқанын өткізуге атсалысу	12,4
Аула мерекелері, байқаулар және өзге де мәдени іс-шаралар	9,0
Тұрғын үй немесе подъезд тұрғындарының жиналысы	8,7
Қоғамдық ұйымдардың қызметіне араласу	8,6
Аула сайыстары мен өзге де спорттық іс-шаралары	5,7
Тұрғындар күшімен кіреберістерді жөндеу	4,0
Ауладағы орындықтар, балалар алаңдарын және т.т. бірлесіп жөндеу	3,3
Бірлескен шараларды материалдық қамтамасыз ету немесе көмек көрсету	2,8
Тәртіпті және қауіпсіздікті бірлесіп қамту	2,8
Елдің, өңірдің, елді мекеніңіздің өміріндегі оқиғаларға қатысты ұйымдастырылған митингтерге, наразылық шерулерге, ереуілдерге қатысу	2,0
Саяси партиялардың, қозғалыстардың, кәсіподақ ұйымдарының қызметіне араласу	2,0
Кіреберістегі баспалдақ алыңында кезекшілік ұйымдастыру	1,5
Төтенше жағдайлардың салдарын бірлесіп жою	1,2
Басқа (балалар үйіне көмек, донор ретінде қан тапсыру, қартайған адамдарға жәрдемдесу, қараусыз қалған жануарларға көмектесу және т.т.)	0,5
Жоқ, соңғы жыл ішінде мұндай шараларға қатысқан жоқпын	24,0
Жауап беруге қиналамын	1,0

Жүргізілген пікіртерімнің нәтижелері бойынша, жауап беруші жас адамдардың басым көпшілігі қандай да бір қоғамдық ұйымның мүшесі болып табылмайтынын алға тартты – 70,0%. Жауап бергендердің тек үштен бір бөлігі ғана (29,7%) өздерінің қоғамдық ұйымдардың мүшесі ретінде белгілеген, және тек жастар ғана емес – кәсіподақ (7,2%), экологилық, спорттық, туристік ұйымдар (6,7%), қайырымдылық бастамалар, акциялар (5,8%), қайырымдылық ұйымдар (4,0%). Жастар саяси бірлестіктердің құрамында жауап берушілердің 2,1% тұрады, тағы 1,3% саяси емес сипаттағы жастар бірлестіктердің қатарында тіркелген (3 кесте).

3 кесте. «Сіз төменде көрсетілген қоғамдық ұйымдардың (бірлестіктердің) қайсысында мүше ретінде тіркелгенсіз?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)

	%
Кәсіподақтар	7,2
Экологиялық ұйымдар, спорттық, туристік, саятшылық, автомобилистік үйірмелер / бірлестіктер	6,7
Қайырымдылық бастамалар / акциялар	5,8
Қайырымдылық ұйымдар	4,0
Мәдени, табиғатты қорғау қозғалыстары, бастамашыл топтар, клубы по интересам	3,5
Жастар саяси бірлестіктері	2,1
Құқық қорғау ұйымдары	1,9
Бастамашыл топтар, ата-аналар бірлестіктері (мектепке дейінгі, оқушылар, мүгедектер)	1,8
Аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару, тұрғын үй топтарын аббаттандыру бойынша жергілікті бастамашыл топтар	1,8
Тұрғын үй комитеттері, үйлер, кіребірстер бойынша жауаптылар	1,7
Әйелдер ұйымдары	1,5
Саяси емес сипаттағы бейресми жастар бірлестіктері	1,3
Кәсіби қауымдастықтар/ шығармашылық одақтар	1,3
Тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамдары	0,8
Діни қауымдар, ұйымдар, қозғалыстар	0,6
Ұлттық-патриоттық мағынадағы қозғалыстар	0,4
Этникалық қауымдар, ұлттық диаспоралар, жерлестік бірігулер	0,4
Мүгедектер қоғамы	0,3
Ешбір ұйымның қызметіне қатысқан емеспін	70,0
Жауап беруге киналамын	3,0

Осыған дейін белгілі болғандай социологиялық зерттеу шеңберінде 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастағы жастар арасында жүргізілген республикалық пікіртерімнен басқа сондай-ақ сарапшылардың арасында сауалнама жүргізілді. Сараптамалық пікіртерімнің қатысушыларына қазақстандық жастардың түрлі шараларға қатысу деңгейін бағалау ұсынылған болатын. Сарапшылардың пікірінше, қоғамдық пайдалы сипатқа ие жастар арасында ең танымал шаралар болып сенбіліктер, жақын маңдағы аймақтарды жинастыру іс-шаралары (жауап беруші сарапшылардың 78,6% «жиі» жауап нұсқасын белгіледі) және ағаштар және басқа да жасыл көшеттерін отырғызуға қатысу жатады екен (жауап беруші сарапшылардың 74,1% «жиі» жауап нұсқасын белгіледі) (4 кесте).

Сондай-ақ жастар, жауап беруші сарапшылардың пікірінше, жиі сайлау науқанын өткізуге атсалысады (56,3%) және ауыр жағдайға тап болған адамдарға қаражат жинауға қатысады (52,7%).

Қазақстандық жастар арасында, жауап беруші сарапшылардың пікірінше, оқиғаларға қатысты ұйымдастырылған митингтерге, наразылық шерулерге, ереуілдерге, бірлескен шараларды материалдық қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың салдарын бірлесіп жою және іздестіру жасақтарын қалыптастыру сияқты шараларға қатысу сирек кездеседі.

4 кесте. «Сіздің пікіріңізше, Қазақстан жастары арасында қандай іс-шаралар танымалдылыққа ие және кең түрде таралған? Қандай іс-шараларға жастар жиі, сирек қатысады немесе мүлде қатыспайды?» деген сұраққа сарапшылық баға (%)

	Жиі	Сирек	Ешқашан	Еш нәрсе естіген емеспін	Жауап беруге қиналамын
1) Сайлау науқанын өткізуге қатысу	56,3	36,6	2,7	3,6	0,9
2) Кіреберістерді, үйлерді, балалар алаңдарын, қоршаған аумақтарды ұжымдасып абаттандыру	24,1	52,7	15,2	6,3	1,8
3) Қиын жағдайға тап болған адамдарға қаражат, киім-кешек жинау	52,7	42,0	0,9	2,7	1,8
4) Елдің, өңірдің, Сіздің елдімекеннің өміріндегі оқиғаларға қатысты митингтер, наразылық шерулер, ереуілдерге қатысу	11,6	30,4	24,1	21,4	12,5
5) Қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатысу	35,5	50,9	6,4	4,5	2,7
6) Саяси партиялардың, қозғалыстардың, кәсіподақ ұйымдарының қызметіне араласу	33,3	46,8	5,4	9,9	4,5
7) Сенбіліктер, жақын маңдағы аймақтарды жинастыру іс-шаралары	78,6	17,0	1,8	2,7	-
8) Ағаш және басқа да жасыл көшеттер отырғызу	74,1	25,0	-	0,9	-
9) Аула сайыстары және басқа да спорттық шаралар	49,1	41,1	6,3	3,6	-
10) Аула мерекелері, байқаулар және басқа да мәдени шаралар	34,8	43,8	7,1	12,5	1,8
11) Бірлескен шараларды материалды қамтамасыз ету немесе көмек көрсету	20,0	46,4	10,9	15,5	7,3
12) Төтенше жағдай салдарын бірлесіп жою	26,1	36,0	8,1	18,0	11,7
13) Тәртіпті және қауіпсіздікті бірлесіп қамтамасыз ету	22,0	49,5	7,3	10,1	11,0
14) Іздестіру жасақтарын қалыптастыру	31,8	29,1	5,5	21,8	11,8

Қоғамдық пайдалы қызметтің тағы бір түрі донорлық болып табылады. Пікіртерім нәтижелері көрсеткендей, жауап берушілердің 42,9% донорлықты қайырымды іс деп санайды. Жауап берушілердің тағы 39,2% қанды қажет болған жағдайда тапсырып, мүлдем танымайтын адамның өміріне арашаға түсуге дайын екендерін жасырмады. Жауап берген жастардың үштен бір бөлігі тек туыстары үшін ғана донор болуға дайын екен (33,5%) (5 кесте).

Донорлықты денсаулық үшін пайданы жауап берушілердің 10,7% көріп отыр.


Донор болып көрмегендер, болғысы да келмейтіндер жауап берушілердің 11,1% құрайды.

5 кесте. «Айтыңызшы, Сіз донорлыққа, қан тапсыруға қалай қарайсыз?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)

	%
Бұл қайырымды іс	42,9
Бір адамға менің қаным қажет болуы мүмкін	39,2
Қан менің туыстарыма қажет болса, донор бола аламын	33,5
Бұл денсаулық үшін пайдалы	10,7
Бұл қосымша кіріс, жеңілдіктер	3,0
Өзім медицина қызметкерімін	1,6
Донор болып көрген емеспін, болғым да келмейді	11,1
Денсаулығымның болмауынан қан тапсыра алмаймын	0,5
Жауап беруге қиналамын	1,0

Жауап беруші жастардың жартысына жуығы соңғы жарты жылда мұқтаж жандарға ақшалай көмектескендерін жасырмады – 59,5%. Оның ішінде, 21,6% мүлдем бөгде адамдарға, мысалы, мүгедектерге, жетімдерге, зейнеткерлерге көмектескен, ал жауап берушілердің 37,9% таныстарына, оның ішінде достарына, туыстарына, көршілеріне қол ұшын берген (2 диаграмма).

2 диаграмма. «Соңғы 6 ай ішінде Сіз материалдық тұрғыдан мұқтаж жандарға қол ұшын бердіңіз бе?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)



Қаражат жинау бүгін мұқтаж жандарға көмек көрсетудің ең таралған формасы болып табылады. Қазір қаржылық мүмкіндіктердің жаңа форматы – электронды әмияндар, шоттар, мобилді операторлардың көмегімен қаражат жинау – бұл көмек көрсету тәсілін қолжетімді етеді. Сонымен қатар, қалауынша жинақтаудың қатысушылары жиналған қаражатты Интернет-ресурстардың көмегімен ізін кесе алады. Бұл ретте жастар өте ілгерілеу болып келеді, олар жиі жаңа технологиялар мен мүмкіндіктерді қолдана біледі.

Пікіртерім нәтижелері көрсткендей, Ақмола (32,1%), Қостанай (35,4%), Қызылорда (30,3%) және Солтүстік-Қазақстан (30,4%) облыстарының жауап

берген жас адамдары соңғы алты ай ішінде жиі мұқтаж адамдарға материалды көмек көрсеткен (6 кесте).

Атырау (53,4%), Батыс-Қазақстан (70,8%) және Қызылорда (58,4%) облыстарының жауап берген жастары басқа облыстардағы жастарға қарағанда жиі өздерінің таныстары мен туыстарына материалды көмек көрсететінін алға тартады.

Соңғы алты ай ішінде жауап берушілердің 50% жуығы мұқтаж адамдарға материалды көмек көрсетпеген, осындай облыстарды атап өтейік – Алматы (45,6%), Шығыс-Қазақстан (50,7%), Жамбыл (52,1%) және Манғыстау (60,3%). Бұл көбіне NEET категориясына жататын жоғары көрсеткішке ие жастар тұратын аймақтар болып табылады.

6 кесте. «Соңғы 6 ай ішінде Сіз материалдық тұрғыдан мұқтаж жандарға қол ұшын бердіңіз бе?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (% облыстар арасынан)

	Иә, мұқтаж жандарға (мүгедектерге, жетімдерге, зейнеткерлерге және т.т.) көмектестім	Иә, таныстарға, туыстарыма көмектестім	Жоқ, көмектескен емеспін
Ақмола	32,1	41,0	26,9
Ақтөбе	21,8	45,5	32,7
Алматы	22,8	30,2	45,6
Атырау	13,6	53,4	31,8
Шығыс-Қазақстан	8,2	37,0	50,7
Жамбыл	14,9	31,4	52,1
Батыс-Қазақстан	12,5	70,8	15,3
Қарағанды	27,3	36,0	36,0
Қостанай	35,4	21,9	42,7
Қызылорда	30,3	58,4	10,1
Манғыстау	16,4	23,3	60,3
Павлодар	25,3	34,2	38,0
Солтүстік-Қазақстан	30,4	32,1	35,7
Оңтүстік-Қазақстан	17,8	42,1	40,2
Астана қ.	22,1	34,6	39,4
Алматы қ.	25,6	30,8	40,8

Бүгін жастар кәсіпкерлігі Қазақстандағы шағын және орта бизнесті дамытудың басымдық бағыттарының бірі болып табылады. Жеке меншік бизнеспен айналысу жастардың өмірлік позицияларының нығаюына және жастардың бойында қажет қасиеттердің дамуына ықпал етеді: әлеуметтік жауапкершілік, маңызды шешімдерді қабылдауға және өзін-өзі қамтамасыз етуді ынталандыруға дағдылану. Сонымен қатар, бұл жаңа жұмыс орындарын ашуға, тұрғындардың әл-ауқатының және өз болашағы үшін жауапкершілігінің өсуіне ықпал етеді. Жастар үшін, және, алдымен, өз жеке және кәсіби жолында таңдау жасаумен ойланған орта және жоғары оқу орындарының түлектері үшін экономикалық ойлауды қалыптастыру, кәсіпкерлік қызметке қабілеттерін анықтау және дамыту мәселесі ерекше өзекті.

Жастардың арасында жүргізілген пікіртерім мәліметтері бойынша жас адамдардың 10,4% кәсіпкерлік тәжірибелері бар екендерін белгіледі, ал жауап берушілердің 23,5% болашақта кәсіпкерлік қызметімен айналысуды жоспарлап отыр. Сондықтан жауап беруші жастардың үштен бір бөлігінен көбі (33,9%) кәсіпкерлік қызметімен айналысуға дайын немесе кәсіпкерлік қызметімен айналысу тәжірибелері бар немесе бизнесті жүргізу туралы түсініктері бар болып шықты (3 диаграмма).

Жауап беруші жастардың 64,1% кәсіпкерлік қызметімен айналыспайды және кәсіпкерлік қызметімен айналыспаған және әзірше өз бизнестерін ашуды жоспарлап отырған жоқ.

3 диаграмма. «Қазіргі уақытта Сіз кәсіпкерлікпен айналысасыз ба немесе болашақта айналысуды жоспарлап отырсыз ба?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)



Аймақтар бойынша, жастар арасында кәсіпкерлік қызметінің даму деңгейі д.а. келесідей болды. Ең жоғары кәсіпкерлік деңгей Батыс-Қазақстан (кәсіпкерлік қызметімен 11,1% айналысады), Қостанай (10,4%) және Қызылорда (7,9%) облыстарының жастары арасында (7 кесте) .

Болашақта кәсіпкерлік қызметімен айналысу туралы жоспарлауды Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қызылорда облыстары және Астана, Алматы ққ. жастары жиі белгілейді.

7 кесте. «Қазіргі уақытта Сіз кәсіпкерлікпен айналысасыз ба немесе болашақта айналысуды жоспарлап отырсыз ба?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (% , облыстар арасынан)

	Кәсіпкерлік қызметімен айналысамын	Ертеде кәсіпкерлікпен айналыстым, қазір айналыспаймын	Болашақта айналысамын деп ойлаймын	Жоқ, айналыспаймын
Ақмола	5,1	1,3	44,9	48,7
Ақтөбе	2,0	6,9	39,6	50,5
Алматы	4,2	6,5	12,1	75,3
Атырау	2,3	-	44,3	51,1
Шығыс-Қазақстан	6,8	0,7	6,8	80,1
Жамбыл	0,8	2,5	19,0	76,0
Батыс-Қазақстан	11,1	6,9	19,4	59,7
Қарағанды	6,7	1,3	34,7	54,7
Қостанай	10,4	3,1	22,9	62,5
Қызылорда	7,9	22,5	33,7	33,7
Манғыстау	1,4	-	2,7	95,9
Павлодар	5,1	1,3	7,6	86,1
Солтүстік-Қазақстан	1,8	1,8	7,1	89,3
Оңтүстік-Қазақстан	5,3	3,1	18,4	72,6
Астана қ.	6,7	6,7	34,6	50,0
Алматы қ.	7,1	11,4	34,1	41,7

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, және бұл күтілетін жәйіт болып табылады, жиі 24 жастан 29 жасқа дейінгі жастар, яғни оқымайтын жастар, қазіргі уақытта кәсіпкерлік қызметімен айналысып жүр немесе жиі осыған дейін кәсіпкерлікпен айналысқанын көрсетіп отыр (8 кесте).

8 кесте. «Қазіргі уақытта Сіз кәсіпкерлікпен айналысасыз ба немесе болашақта айналысуды жоспарлап отырсыз ба?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (% , жас ерекшеліктері бойынша)

	14 жастан 19 жасқа дейін	20 жастан 23 жасқа дейін	24 жастан 29 жасқа дейін
Кәсіпкерлік қызметімен айналысамын	3,0	3,6	8,2
Ертеде кәсіпкерлік қызметімен айналыстым, қазір айналыспаймын	3,7	4,7	6,0
Болашақта айналысамын деп ойлаймын	25,4	25,5	21,0
Жоқ, айналыспаймын	65,4	63,4	63,5
Жауап беруге қиналамын	2,5	2,8	1,4

Ұлттық топтар жағынан өте қызық жәйіт белгілі болды. Атап айтсақ, орыс және өзге ұлттардың өкілдері қазіргі уақытта жиі жергілікті ұлт өкілдеріне қарағанда кәсіпкерлік қызметімен айналысып жүр. Бұл орайда

қазақ өкілдері арасында болашақта бизнеспен айналысқысы келетіндер саны едәуір жоғары екенін атап өткен дұрыс (26,0%) (9 кесте).


9 кесте. «Қазіргі уақытта Сіз кәсіпкерлікпен айналысасыз ба немесе болашақта айналысуды жоспарлап отырсыз ба?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (% , ұлттар арасынан)

	Қазақтар	Орыстар	Өзге ұлттар
Кәсіпкерлік қызметімен айналысамын	5,1	6,2	6,6
Ертеде кәсіпкерлік қызметімен айналыстым, қазір айналыспаймын	5,5	2,3	5,5
Болашақта айналысамын деп ойлаймын	26,0	15,8	18,1
Жоқ, айналыспаймын	61,1	74,0	68,1
Жауап беруге қиналамын	2,3	1,7	1,6

Соңғы бірнеше жыл ішінде жастар арасында салауатты және спорттық өмір салты белсенді түрде насихатталуда. Спорттық-бұқаралық шаралардың ұдайы қатысушылары, көрермендері емес нақты қатысушылары ретінде жауап берушілердің 12,7% белгілеп отыр. Жауап берушілердік көпшілігі (37,7%) спорттық шараларға уақыттары, мүмкіндіктері болған жағдайда ғана қатысатын болып шықты (4 диаграмма).

Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысынан азы (48,4%) сұраққа қатыспаймын деп жауап бергені анықталды. Олардың ішінде жауап берушілердің 40% спорттық-бұқаралық шаралар түрлі себептер бойынша қатыспайды, ал жауап берушілердің 8,4% шараларға қатыспаған, себебі олар тұрып жатқан елдімекендерде (қалада, ауылда) осындай шаралар ұйымдастырылмайды.

4 диаграмма. «Сіз өз қалаңызда, ауылыңызда өткізілетін спорттық-бұқаралық шараларға қатысасыз ба (көрермен ретінде емес)?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)



Облыстар жағынан жастардың спорттық-бұқаралық шараларға қатысуы келесідей болып отыр. Атап айтсақ, спорттық шараларға қатысудың максималды пайызы Ақмола облысына тиіселі (жауап берушілердің 34,6% «иә, әрқашан» деген жауап нұсқасын таңдап отыр). Осыдан кейін спорттық шараларға қатысудың

жоғары деңгейі Батыс-Қазақстан (19,4%) және Солтүстік-Қазақстан (17,9%) облыстарында белгіленіп отыр (10 кесте).

10 кесте. «Сіз өз қалаңызда, ауылыңызда өткізілетін спорттық-бұқаралық шараларға қатысасыз ба (көрермен ретінде емес)?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (% , облыстар арасынан)

	Иә, үнемі	Иә, мүмкіндік болған кезде	Жоқ	Жоқ, спорттық-бұқара шаралар өткізілмейді	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	34,6	30,8	32,1	2,6	-
Ақтөбе	13,9	53,5	29,7	2,0	1,0
Алматы	8,4	39,1	36,7	14,4	1,4
Атырау	8,0	46,6	39,8	5,7	-
Шығыс-Қазақстан	8,2	28,8	53,4	6,8	2,7
Жамбыл	5,0	38,0	41,3	14,9	0,8
Батыс-Қазақстан	19,4	59,7	20,8	-	-
Қарағанды	16,7	42,7	39,3	1,3	-
Қостанай	15,6	40,6	16,7	26,0	1,0
Қызылорда	10,1	66,3	20,2	2,2	1,1
Маңғыстау	5,5	13,7	67,1	11,0	2,7
Павлодар	13,9	26,6	50,6	7,6	1,3
Солтүстік-Қазақстан	17,9	41,1	41,1	-	-
Оңтүстік-Қазақстан	11,8	25,2	50,8	12,1	-
Астана қ.	14,4	44,2	37,5	2,9	1,0
Алматы қ.	13,7	36,5	38,4	7,1	4,3

Керісінше, спорттық шараларға қатысудың төмен көрсеткіштерді Шығыс-Қазақстан (жауап берушілердің 53,4% «жоқ, қатысқан емеспін» деген жауап нұсқасын таңдап отыр), Маңғыстау (67,1%), Павлодар (50,6%) және Оңтүстік-Қазақстан (50,8%) облыстарында байқалады.

Спорттық-бұқаралық шараларға қатысудың негізгі себебі өздерінің жақсы дене бітімін қалыптастыру мүмкіндігі болып табылады (23,6%), жауап берушілердің тағы 19,3% қатысудың себебі ретінде өздерінің бос уақытын түрлендіру және ой-өрісін кеңейту мүмкіндігі деп белгілеп отыр.

Жауап берушілердің 17,7% спорттық шараларға қатысу кезінде өздеріне жаңа достар, таныстар табатындарын жеткізді, ал пікіртерімге қатысқандардың 9,6% үшін бұқаралық шараларға қатысу өз жұмыстарын тастап үйден немесе кеңседен шығу үшін өздерін ынталандыру мақсатында қажет деп есептейді (11 кесте).

11 кесте. «Айтыңызшы, Сізге спорттық-бұқаралық шараларға қатысу қандай мүмкіндіктер береді?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)

	%
Үйден, офистен шығу мүмкіндігі	9,6
Ұжымға жақын болуға, жаңа таныстықтарды орнату мүмкіндігі	17,7
Өз ой-өрісінді кеңейтуге, бос уақытыңды түрлендіру мүмкіндігі	19,3
Өзіңнің дене бітімінді жақсы қалыпта сақтау мүмкіндігі	23,6
Қатыспаймын	10,1
Жауап беруге қиналамын	19,9

Жастардың белсенділігіне зор ықпалды жастардың бос уақытын ұйымдастыру мәселесі әсер етеді, атап айтсақ бос уақытты ұйымдастырылуына қанағаттанушылық. Сарапшылардың көпшілігі Қазақстанда бос уақытты ұйымдастыру деңгейіне қанағаттанарлықсыз баға беріп отыр. Атап айтқанда, жауап берушілердің 50,0% жастардың бос уақыт ірі қалаларда ғана ұйымдастырылған деп есептейді, ал ауылдық жерлерде жастардың бос уақыты ұйымдастырылмаған, бұл жастар арасында қылмыстылықтың, маскүнемдіктің және нашақорлықтың өсуіне ықпал етеді дейді. Жауап берушілердің тағы 28,6% бос уақытты өткізу қызметтеріне қолжетімділік нашар, себебі олардың бағасы қымбат болып келеді.

Жауап берушілердің ширегінен азы (23,2%) бос уақыт тиімді ұйымдастырылған, жастар өз бос уақытын сапалы өткізуге барлық мүмкіндіктері бар деп жауап берді.

12 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, жалпы алғанда, Қазақстанда жастардың бос уақыттарын өткізу мәселесі қаншалықты сапалы әрі тиімді ұйымдастырылған?» деген сұраққа сарапшылық баға (%)

	%
Жастардың бос уақыттары өткізу мәселесі тиімді ұйымдастырылған, жастар бос уақыттарын сапалы түрде өткізуге барлық жағдайлар жасалған	23,2
Жастардың бос уақыттары тек ірі қалаларда ұйымдастырылған, ауыл жастарының бос уақыты ұйымдастырылмаған	50,0
Жастардың бос уақытын негізінен коммерциялық құрылымдар ұйымдастырады, бұл оның бағасына және қолжетімдігіне ықпал етеді	28,6
Қазақстанда жастардың бос уақыты ұйымдастырылмаған	3,6


2.2 Жастардың қоғамдық-саяси белсенділігі

Саяси белсенділі түсінігі, нақты жастардың белсенділігі, айтарлықтай кең болып келеді. Бір жағынан, саяси белсенділік деп жастардың түрлі азаматтық қоғам институттарының қызметіне қосылу деңгейін түсінуге болады, екінші жақтан – көрсеткіш ретінде саяси өмірге деген қызығушылық деңгейі, және үшінші – бұл электоралды белсенділік деңгейі.

Жалпы пікіртерім нәтижелері көрсеткендей жастар арасында саяси оқиғаларға деген қызығушылық деңгейі соншалықты жоғары емес. Жауап берушілердің 36,7% елдің саяси өмірін ұдайы бақылап отырады. Жауап берген жастардың жартысы (50,2%) Қазақстанда болып жатқан оқиғалар, жаңалықтарға қызығушылық танытады, бірақ сирек және әрқашан емес. Мұндай қызығушылық деңгейі үстірт және терең емес болып табылады (5 диаграмма).

Жауап беруші жастардың 12,4% үшін Қазақстанның саяси оқиғалары еш қызығушылықты тудырмайды.

5 диаграмма. «Айтыңызшы, Сіз Қазақстанда болып жатқан оқиғаларға, жаңалықтарға қаншалықты көңіл аударасыз?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)



Тұрғылықты елдімекен бойынша жастар арасында саяси қызығушылық деңгейі келесідей болып қалыптасқан. Саяси оқиғаларға деген қызығушылықты жиі Ақмола (59,0%), Ақтөбе (62,4%) облыстары мен астананың (54,8%) жастары танытады.

Керісінше, Қазақстанның саяси өміріне деген қызығушылықтың максималды болмау көрсеткіші Алматы (18,15), Атырау (15,9%), Жамбыл (26,4%), Маңғыстау (17,8%) және Солтүстік-Қазақстан (16,1%) облыстарында көрініс тапқан (13 кесте).

13 кесте. «Айтыңызшы, Сіз Қазақстанда болып жатқан оқиғаларға, жаңалықтарға қаншалықты көңіл аударасыз?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (% , облыстар арасынан)

	Иә, үнемі	Сирек, мұқият емес	Жоқ, көңіл аудармаймын	Жауап беруге киналамын
Ақмола	59,0	35,9	3,8	1,3
Ақтөбе	62,4	30,7	5,9	1,0
Алматы	21,4	60,0	18,1	0,5
Атырау	48,9	34,1	15,9	1,1
Шығыс-Қазақстан	22,6	61,6	14,4	1,4
Жамбыл	32,2	39,7	26,4	1,7
Батыс-Қазақстан	44,4	48,6	6,9	-
Қарағанды	39,3	52,0	8,0	0,7
Қостанай	42,7	51,0	6,3	-
Қызылорда	32,6	64,0	3,4	-
Маңғыстау	26,0	54,8	17,8	1,4
Павлодар	27,8	53,2	15,2	3,8
Солтүстік-Қазақстан	23,2	60,7	16,1	-
Оңтүстік-Қазақстан	35,2	50,8	14,0	-
Астана қ.	54,8	38,5	4,8	1,9
Алматы қ.	37,4	51,7	10,4	0,5

Елдегі саяси өмірге деген қызығушылыққа, сауалнама нәтижелері көрсеткендей, эас адамдардың жас мөлшері ықпал етеді. Атайп айтсақ, жас мөлшері ұлғайған сайын, соншалықты саяси өмірге деген қызығушылық деңгейі жоғары болады. 24 жастан 29 жасқа дейінгі жас мөлшеріндегі жастар арасында саяси өмірге деген қызығушылық 40,8% құрайды, ал, 14 жастан 19 жасқа дейінгі жастағы жастар арасында қызығушылық деңгейінде 29% болған еді (таблица 14).

14 кесте. «Айтыңызшы, Сіз Қазақстанда болып жатқан оқиғаларға, жаңалықтарға қаншалықты көңіл аударасыз?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (% , жас ерекшеліктері жағынан)

	14 жастан 19 жасқа дейін	20 жастан 23 жасқа дейін	24 жастан 29 жасқа дейін
Иә, үнемі	29,0	38,6	40,8
Сирек, мұқият емес	52,3	50,5	48,5
Жоқ, көңіл аудармаймын	18,0	10,5	9,6
Жауап беруге қиналамын	0,7	0,4	1,2

Саяси өмірге деген қызығушылыққа дифференцияланған фактор ретінде жауап беруші жастардың ұлттық тиесілігі болып табылады. Атап айтсақ, жауап беруші орыстар (29,7%) немесе өзге ұлт өкілдеріне (32,4%) карағанда қазақ ұлтты жауап берушілер жиі саналы түрде саясатқа қызығушылық танытады (38,9%).

Бұл ретте саяси өмірге деген қызығушылықтың болмауы жағынан жоғары көрсеткіш өзге ұлт өкілдері жауап берушілеріне тиесілі екенін атап өткен жөн – 17,6%.

15 кесте. «Айтыңызшы, Сіз Қазақстанда болып жатқан оқиғаларға, жаңалықтарға қаншалықты көңіл аударасыз?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (% , ұлттар арасынан)


	Қазақтар	Орыстар	Өзге ұлттар
Иә, үнемі	38,9	29,7	32,4
Сирек, мұқият емес	49,5	53,7	48,9
Жоқ, көңіл аудармаймын	10,9	15,8	17,6
Жауап беруге қиналамын	0,8	0,8	1,1

Жоғарыда көрсетілгендей, жастардың арасында саяси қызығушылық көрсеткішінің бірі электоралды белсенділік болып табылады және жастар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жауап берушілердің көпшілігі соңғы өткізілген 2016 жылғы 20 наурыздағы Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлауға дауыс беруге қатысқан болып шықты – 55,5%. Олардың ішінен басым көпшілігі сайлау күні дауыс беруге қатысу туралы шешімді дербес жасағандары анықтылды (42,4%) (6 диаграмма).

Жауап берушілердің ширегі (25,6%) 2016 жылғы 20 наурызда дауыс беруге бармаған, себебі қолдары бос болмады немесе саналы түрде дауыс беруге бармайды.

Жауап берушілердің тағы 17,2% дауыс беруге қатыспаған, өйткені дауыс беру күні 18-жасқа толмаған.

6 диаграмма. «Сіз 2016 жылғы 20 наурызда өткен соңғы Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлауына қатыстыңыз ба, дауыс беруге бардыңыз ба?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)



Жүргізілген сауалнама мәліметтері бойынша, электоралды белсенділіктің жоғары деңгейі Ақмола (59,0%), Атырау (52,3%), Қостанай (64,6%) және Солтүстік-Қазқхстан (57,1%) облыстарында тұратын жастар арасында көрініс табуда.

16 кесте. «Сіз 2016 жылғы 20 наурызда өткен соңғы Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлауына қатыстыңыз ба, дауыс беруге бардыңыз ба?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (% , облыстар арасынан)

	Иә, дауыс беруге өздігімнен шешім қабылдадым	Иә, бардым, ұжымыммен, курстастарым мен	Жоқ, қолым бос болмады	Жоқ, мен дауыс беруге бармадым
Ақмола	59,0	11,5	9,0	5,1
Ақтөбе	36,6	20,8	23,8	3,0
Алматы	35,3	17,2	20,0	12,1
Атырау	52,3	2,3	18,2	5,7
Шығыс-Қазақстан	28,1	17,8	18,5	16,4
Жамбыл	41,3	20,7	6,6	6,6
Батыс-Қазақстан	36,1	16,7	13,9	12,5
Қарағанды	40,7	5,3	18,0	14,7
Қостанай	64,6	11,5	8,3	5,2
Қызылорда	46,1	22,5	13,5	-
Манғыстау	23,3	23,3	13,7	15,1
Павлодар	51,9	7,6	10,1	10,1
Солтүстік-Қазақстан	57,1	5,4	7,1	7,1
Оңтүстік-Қазақстан	44,5	5,0	19,0	8,7
Астана қ.	48,1	10,6	20,2	7,7
Алматы қ.	37,4	17,5	22,7	6,2


Жеке «жоқ, дауыс беруге бармаймын» (яғни республика бойынша бұл көрсеткіш орта көрсеткіштен айтарлықтай жоғары – 8,9%) деген жауап нұсқасын белгілеген жастардың үлесі жоғары аймақтарды атап өтеміз – бұл Шығыс-Қазақстан (16,4%), Қарағанды (14,7%) және Маңғыстау (15,1%) облыстары.

17 кесте. «Сіз 2016 жылғы 20 наурызда өткен соңғы Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлауына қатыстыңыз ба, дауыс беруге бардыңыз ба?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (% , ұлттар арасынан)

	Қазақтар	Орыстар	Өзге ұлттар
Иә, бардым, дауыс беруге өздігімнен шешім қабылдадым	41,5	44,1	46,7
Иә, бардым, ұжымыммен, курстастарыммен	14,5	9,6	8,2
Жоқ, қолым бос болмады	16,6	16,1	18,7
Жоқ, мен дауыс беруге бармаймын	8,5	11,0	7,7
Жоқ, мен 18 жасқа толған жоқпын	16,7	18,4	18,1

Елдегі экономикалық жағдайға қызығушылық деңгейі осыған дейін талданған саяси қызығушылықтан айырмашылығы шамалы. Жауап берушілердің 35,9% ел экономикасындағы жаңалықтар жіті бақылап отырады. Жауап берушілердің тағы 49,4% қызығушылықты сирек танытады. Ал жауап беруші жастардың 14,1% Қазақстандағы экономикалық жағдайға мүлдем көңіл аудармайды (7 диаграмма).

7 диаграмма. «Сіз елдегі экономикалық жағдайға көңіл аударасыз ба?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)



Экономикалық тақырыптар Ақмола (56,4%), Ақтөбе (58,4%), Батыс-Қазақстан (47,2%) облыстары мен Астана қаласының (48,1%) жастарын бейжай қалдырмайды.

Экономикалық жағдайға қызығушылық деңгейі төмен көрсеткішті Жамбыл (23,1%), Маңғыстау (24,7%) және Павлодар (21,5%) облыстарында (18 кесте) көруге болады


18 кесте. «Сіз елдегі экономикалық жағдайға көңіл аударасыз ба?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (% , облыстар арасынан)

	Иә, үнемі	Сирек, мұқият емес	Жоқ, көңіл аудармаймын	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	56,4	34,6	7,7	1,3
Ақтөбе	58,4	35,6	5,9	-
Алматы	29,3	54,4	13,0	3,3
Атырау	46,6	35,2	17,0	1,1
Шығыс-Қазақстан	21,2	63,0	14,4	1,4
Жамбыл	36,4	38,0	23,1	2,5
Батыс-Қазақстан	47,2	45,8	6,9	-
Қарағанды	36,0	51,3	12,7	-
Қостанай	41,7	52,1	5,2	1,0
Қызылорда	34,8	60,7	4,5	-
Манғыстау	23,3	52,1	24,7	-
Павлодар	21,5	57,0	21,5	-
Солтүстік-Қазақстан	26,8	60,7	12,5	-
Оңтүстік-Қазақстан	27,4	51,1	21,5	-
Астана қ.	48,1	44,2	7,7	-
Алматы қ.	42,2	46,0	11,8	-

Жауап беруші жастар өздері тұрып жатқан елдімекендерінде болып жатқан жаңалықтар мен оқиғаларға жиі көңіл аударады, жалпы елдегі болып жатқан оқиғаларға қарағанда. Жауап берушілердің жартысына жуығы (48,6%) жергілікті жаңалықтарға ұдайы көңіл аударып отырады, ал 40,9% сирек көңіл аударады (8 диаграмма).

Мүлдем жергілікті жаңалықтарға көңіл аудармайтындар жауап беруші жастардың 9,6% құрайды.

8 диаграмма. «Айтыңызшы, Сіз қалаңызда, ауылыңызда болып жатқан жаңалықтарға көңіл аударасыз ба?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)



Өз тұрғылықты елдімекеніне үлкен қызығушылықты Ақмола, Ақтөбе, Солтүстік-Қазақстан облыстары мен астанада (19 кесте) тұратын жастар танытады.

19 кесте. «Айтыңызшы, Сіз қалаңызда, ауылыңызда болып жатқан жаңалықтарға көңіл аударасыз ба?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (% , облыстар арасынан)

	Иә, үнемі	Сирек, мұқият емес	Жоқ, көңіл аудармаймын	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	66,7	28,2	3,8	1,3
Ақтөбе	73,3	22,8	4,0	-
Алматы	28,8	51,2	16,3	3,7
Атырау	55,7	34,1	9,1	1,1
Шығыс-Қазақстан	21,9	52,1	24,7	1,4
Жамбыл	38,8	43,8	17,4	-
Батыс-Қазақстан	51,4	41,7	5,6	1,4
Қарағанды	61,3	31,3	7,3	-
Қостанай	50,0	44,8	3,1	2,1
Қызылорда	31,5	66,3	2,2	-
Манғыстау	31,5	52,1	15,1	1,4
Павлодар	43,0	48,1	5,1	3,8
Солтүстік-Қазақстан	66,1	33,9	-	-
Оңтүстік-Қазақстан	51,4	40,2	8,4	-
Астана қ.	63,5	30,8	5,8	-
Алматы қ.	59,2	32,7	7,6	0,5

Жауап беруші жастар қоғамдық пайдалы қызмет үдерісінен ашық түрде материалды қызығушылықты танытпағандығын атап өткен жөн, алайда әрекеттерден прагматикалық сипатты көруге болады. Сарапшылар, керісінше, еш қосымша сыйақысыз әлеуметтік пайданы жиі көрсетеді.

Жауап беруші жастардың 44,5% мұқтаж адамдарға киім-кешек, азық-түлік, медициналық препараттарды жинап беруге қатысуға дайынбыз деп жауап берді және 41,9% қан тапсыруға (донорлыққа) дайын.

Жауап берушілердің көпшілігіне өз бастамалары бойынша, біреудің сұрауы және қысымы бойынша қоғамдық пайдалы қызметке қатысуға мүмкін болмағанына қарамастан, сауалнама қатысушыларының 78,9% Қазақстанда қоғамдық пайдалы қызметті жүзеге асыруға қолайлы жағдайлар жасалған деп есептейді.

Жауап берген сарапшылардың пікірінше, ерікті түрде жастардың қатысуымен атқарылатын шаралар өте тиімді деп есептейді (88,4%). Көпшіліктің пікірінше (56,3%), осындай шаралардың тиімділігі жастардың дамуында жатыр, олар қала немесе ауыл, республика деңгейінде өкізілетін шаралардың барлығына қатысады, олар негізгі «әрекет етуші күш» болып табылады.

Жауап беруші жастардың көпшілігі (61,3%) Қазақстанда еріктілік қызметін дамыту идеясын қолдап отыр. Бұл сұраққа оң жауаптарды жиі Ақмола (73,1%), Қарағанды (80,0%), Қостанай (80,2%), Солтүстік-Қазақстан (71,4%) облыстары мен Астана қаласында (75,0%). Тұратын жастар беріп отыр.

Жауап беруші жастардың 47% Еріктілік қызметі туралы заңын қабылдау идеясын қолдап отыр. Сарапшылар арасында бұл көрсеткіш 40,2% құрап отыр, ал жауап беруші сарапшылардың 42,0% қоғамдық пайдалы қызмет туралы заңын қабылдау қажеттілігін атап өтуде.

Жауап берушілердің жартысынан көбі Қазақстанда қызмет етіп отырған Ұлттық Еріктілік Желісі туралы ешнәрсе білмейді (51,8%). Еріктілік Желісі туралы хабардар жастардың айтарлықтай жоғары үлесі Ақмола (41,0%), Жамбыл (38,8%), Павлодар (35,4%) облыстарына тиесілі.

4 тарау. Жастардың мемлекеттік бағдарламалар мен жастар саясатының жобаларына тартылуы және хабардар болуы

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жауап беруші жастардың арасында «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы және «Дипломмен – ауылға!» жобасы туралы хабардар болудың айтарлықтай деңгейі көрсетіледі. Жастар түлектердің Жастар практикасы шеңберінде жұмысқа орналасу туралы хабардар болу деңгейі нашар.

Жауап берушілердің жартысынан көбі, атап айтсақ 56,8% «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы туралы естіген, тағы жауап берушілердің ширегі бағдарлама туралы хабардар, себебі олардың таныстары немесе достары осы бағдарламаның қатысушылары болған (21 диаграмма).

Жауап берушілердің 7,6% «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы туралы біледі, себебі өздері аталмыш бағдарламаның қатысушысы болды немесе қазіргі уақытта осы бағдарлама шеңберінде жұмыс істеуде.

Жауап берушілердің тек 4,8% «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» жобасы туралы білмедік немесе естімегенбіз деп жауап берді.

21 диаграмма. «Сіз «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы туралы білесіз бе немесе естуіңіз бар ма?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)




Жауап беруші жастардың үштен бір бөлігінен көбі (33,3%) «Дипломмен – ауылға!» жастар жобасы туралы біледі. Олардың ішінде жауап

берушілердің 5,4% осы жобаға қатысқан немесе осы жастар жобасы арқылы жұмысқа орналасқан болып шықты, ал 27,9% жоба туралы хабардар, себебі осы жобаға олардың достары немесе таныстары қатысқан болатын деп жауап берді (22 диаграмма).

Жауап берушілердің тағы жартысынан көбі «Дипломмен – ауылға!» жобасы туралы естіген болып шықты (52,7%).

Жауап беруші жастардың 6,6% «Дипломмен – ауылға!» жобасы туралы ешнәрсе білмейді және естімеген тіпті.

22 диаграмма. «Скажите, пожалуйста, Вы знаете или слышали о проекте «С дипломом – в село!»?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)



Жастар практикасы жобасының жағдайы біршама өзгеше – хабардар болу деңгейі төмен. Жауап берушілердің үштен бір бөлігі (34,8%) жастар практикасы шеңберінде түлектердің жұмысқа орналасқандығы жайлы білмейді, естімеген болып шықты (23 диаграмма).

Жауап берушілердің ширегі жастар практикасы туралы біледі (25,1%), себебі өздері қатысқан немесе жақындары, достары осындай жұмысқа қатысқан. Ал жауап берушілердің 37,7% жастар практикасы бойынша жас адамдардың жұмысқа орналасқандығы туралы естіген екен.

23 диаграмма. «Айтыңызшы, Сіз білім беру ұйымдарының түлектерін Жастар практикасы шеңберінде жұмысқа орналастыру туралы білесіз бе немесе естуіңіз бар ма?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінуі (%)



Тарау бойынша қорытындылар

Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру тиімділігінің көрсеткіштерінің бірі жастарды дамыту және қолдау үшін жүзеге асырылатын жастардың мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы жұмысқа тартылуы және хабардар болуы болып табылады.

Жастар «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы туралы (89,0%) және «Дипломмен – ауылға!» жобасы туралы (86,0%) хабардар болу деңгейін жоғары көрсеткішті көрсетеді.

Қорытынды

Сонымен жастардың арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері жастардың қоғамдық пайдалы қызметпен айналысуға қызығушылық танытатынын және қоғамдық пайдалы қызметпен айналысуға, қоғамға пайда әкелуге, мұқтаж жандарға көмектесуге қалауы бар екенін көрсетеді. Қоғамдық пайдалы қызметті танымал ету үшін және осы үдеріске жастардың көбісін тарту үшін нақты әрекет етудің алгоритмі және насихаттау бойынша ұдайы жұмыс жасау қажет, бүкіл қоғам үшін қоғамдық пайдалы қызметтің пайдасы туралы жас адамдарды ұдайы хабардар етіп отыру қажет. Аталмыш үдерісте маңызды рөл қоғамдық институттарға тиіселі – қоғамдық ұйымдар, кәсіподақтар және басқа коммерциялық емес құрылымдар, олар азаматтық қоғамның, еріктілікті, патриоттық тәрбиелеудің және т.т. дамуына ықпал етеді.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жастар қоғамдық пайдалы жобаларда қатысқысы келеді, бірақ көп жағдайда қалай қатысу керек екенін білмейді, себебі ақпарат жеткіліксіз. Бүгін, заманауи технологиялардың арқасында ақпарат қолжетімді және жедел тарауға мүмкіндігі бар. Осы жәйтті ескере отырып, жаңа қоғамдық жобалар туралы ақпарат уақытылы және "дұрыс" ақпарат көздерінде орналасуы тиіс.

Қоғамдық пайдалы қызметтің жастар арасында дамытуды тежейтін қиындықтың тағы бір түрі, жақсы ұйымдастырушының болмауы болып табылады. Әлеуметтік жобаны дұрыс ұйымдастыру үшін жақсы ұйымдастырушылар қажет, олар өз істерін жақсы біледі, кәсіпқой болып табылады, ал ең бастысы, әлеуметтік жобаның мақсаттары мен міндеттерін түсінеді және оларға жетудің жолдарын жақсы біледі. Әкімшілік-басқару персонал әлеуметтік жобаның барлық қатысушыларының қызметін ұйымдастырады және үйлестіреді. Сондықтан қоғамдық пайдалы қызметті ұйымдастыруға және өткізуге жауапкершілікпен қараған маңызды.

Жастардың арасындағы, сондай-ақ сарапшылық сауалнама нәтижелері қоғамда қоғамдық пайдалы қызмет туралы түсініктер қоғамда теріс, қолданылытынын көрсетіп отыр. Атап айтсақ, жауап беруші жастардың 10,6% қоғамдық пайдалы қызмет деп өзінің материалдық жағдайын жақсартудың бір тәсілі деп түсінеді, ал 16,8% пайдалы байланыстар орнату және таныстықты енгізуді меңзейді. Жастармен жұмыс жасау барысында түсіндірме жұмысын жүргізген маңызды, қоғамдық пайдалы қызметтің басты сипаты оның әлеуметтік пайдалы құрылымында екенін түсіндіру қажет, яғни қоғамдық пайдалы қызмет қоғамға және қоғамның мұқтаж жандарына нақты бір пайда әкелуі тиіс.

Қоғамдық пайдалы қызмет шеңберінде сапалы ақпараттық жұмыстың қажеттілігін атап өткен жөн. Баршаға мәлім болғандай, бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікірді қалыптастыруға ең мықты канал болып табылады. Сондықтан потенциалды қатысушылар қоғамдық пайдалы қызметтің жобалары және оны ұйымдастыру туралы білу үшін ақпараттық белсенділік маңызды.

Қоғамдық пайдалы қызметке тартылу ерікті түрде жүзеге асырылғаны маңызды. Жастар қоғамдық қызметті жүзеге асырған кезде өздерінің үлесін және пайдасын сезінуі тиіс. Өкінішке қарай, сауалнама мәліметтері көрсеткендей, бүгін елде қоғамдық пайдалы қызмет адамның өз бастамасынсыз атқарылып жатқандықтың белгілері бар. Атап айтсақ, жауап беруші жастардың 20,5% соңғы 2-3 жыл ішінде қоғамдық пайдалы қызметке біреудің сұрауы немесе қысымы бойынша тартылғанын белгілеп отыр.

Қоғамдық пайдалы қызметке жастарды тарту үдерісіне жалпы білім беру мектептерінің шеңберінде жүргізілетін тәрбиелік жұмыс ерекше ықпал етеді. Сарапшылық сауалнама нәтижелері бүгінгі таңда мектептерде қоғамдық пайдалы қызмет жүргізілмейді немесе формалды түрде ұйымдастырылып отырғанын көрсетеді. Келесіні есепке алып, жағдайды өзгерту керек:

оқушылардың қоғамдық пайдалы қызметі тәрбиелік үдерістің міндетті компоненті болуы тиіс;

қоғамдық пайдалы қызмет жастардың жас мөлшеріне қарай дифференциялануы тиіс;

қоғамдық пайдалы қызмет сыныптық немесе мектептік ұжымның шеңберімен шектелмеуі тиіс, ол дамытушы және тәрбиелік әсер етудің деформациялаудың себебі болуы мүмкін;

жеткіншектердің ынталандыру саласын қозғап отыруы қажет.

Зерттеудің қорытындысын жасап, қоғамдық пайдалы қызметке қатыстыру үдерісі келесі мәселелермен қатар жүзеге асырылуы тиіс екенін атап өткен жөн:

- жастар арасында азаматтық жауапкершілікті және патриотизмді тәрбиелеу;
- жастар арасында экстремистік көзқарастан арылу;
- жастарды қоғамның қоғамдық-саяси өміріне араластыру;
- жастар арасында құқықтық сауаттылықты дамытумен;
- жастар қоғамдық ұйымдарын дамытумен;
- қоғамдық бастамаларды қолдау;
- жастар отбасын қолдау.

Қосымшалар

Жастардың пікірін анықтау сауалнамасы

Құрметті респондент! Менің атым _____. Мен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының (Астана қ.) сұхбат алушысымын. Сізді жастардың қоғамдық қызметке араласуына арналған әлеуметтік сауалнамаға қатысуыңызды сұраймыз. Сіздің назарыңызға бірқатар сұрақтар мен жауап нұсқалары ұсынылған. Осы сұрақтар мен жауап нұсқаларын соңына дейін тыңдап, Өзіңіздің көңіліңіз толатын жауапты таңдауыңызды сұраймыз. Егер жауап нұсқасының ешқайсысы сізді қанағаттандырмаса, «басқа жауап» қатарында өз жауап нұсқаңызды көрсетіңіз.

*Алынған ақпарат тек жалпылама түрде қолданылатын болады.
Сіздің пікіріңіздің анонимділігі мен құпиялылығына кепілдік беріледі*

1. Қоғамдық пайдалы қызмет деп нені түсінесіз? (жауаптар саны шектеусіз)

1. Адамдарға пайда әкелу мүмкіндігі
2. Қызықты адамдармен қарым-қатынас
3. Қоғамдық өмірге араласу
4. Өзінің материалдық жағдайыңды жақсарту тәсілі
5. Пайдалы байланыстар мен таныстықтарға ие болу тәсілі
6. Кәсіби өсу мен біліктілікті арттыру мүмкіндігі
7. Моральдық қанағаттану, өзінің адамдарға керектігінді сезіну мүмкіндігі
8. Өзінің негізгі жұмысынан бос уақыттағы қызмет
9. Еркін таңдау және өзінің жеке белсенділігін көрсету, жеке идеяларын жүзеге асыруға игі іске деген ерік
10. Сенім, тілектестік және серіктестік негізінде ұйымдастырылған жұмыста жауапты түрде қатысу
11. Өзінің әлеуметтік мәртебесін арттыру тәсілі, өзін алаңдататын жеке мәселесін шешу тәсілі
12. Мәжбүрлі түрде жұмыс жасау
13. Еңбек үшін материалдық өтемақының жоқтығы
14. Тапшы ресурстардың, ақпараттардың қолжетімділігі
15. Басқа жауап (жазып көрсетіңіз)_____

(99) Жауап беруге қиналамын

2. Сіз ешқандай сыйақы, төлемақы төленбейтін қоғамдық жұмысқа қатысып көрдіңіз бе, мысалы, жалпықалалық сенбіліктегі тазалық жұмысы, жалғызбасты зейнеткерлер мен мүгедектерге көмек беру, ағаш отырғызу және т.б.?

1. Иә, жұмыс орны бойынша
2. Иә, оқу кезінде
3. Иә, тұрғылықты жер бойынша
4. Иә, әскердегі қызмет кезінде
5. Иә, қоғамдық ұйымда
6. Басқа жауап (жазып көрсетіңіз)_____
7. Жоқ, қоғамдық пайдалы жұмыспен айналысып көрмегенмін, қоғамдық пайдалы жұмыс бойынша тәжірибем жоқ

(99) Жауап беруге қиналамын

3. Соңғы жылда қандай іс-шараларға қатыстыңыз? (жауаптар саны шектеусіз)

1. Сайлау науқанын өткізуге қатысу
2. Кіреберістерді, үйлерді, балалар алаңдарын, қоршаған аумақтарды ұжымдық абаттандыру
3. Ауыр жағдайға тап болған адамдарға қаражат, киім-кешек жинау
4. Елдің, өңірдің, елді мекеннің өміріндегі оқиғаларға байланысты митингтерге, наразылық шерулеріне, ереуілдерге қатысу
5. Қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатысу
6. Саяси партиялардың, қозғалыстардың, кәсіподақ ұйымдарының қызметіне қатысу
7. Сенбілік, жақын маңдағы аумақтарды жинастыру іс-шаралары
8. Тұрғын үй немесе кіреберістер тұрғындарының жиналысы
9. Ағаштар отырғызу мен өзге де көгалдандыру жұмыстарына қатысу
10. Кіреберістерді тұрғындар күшімен жөндеу

11. Аула сайыстары және өзге де спорттық іс-шаралар
 12. Аула мерекелері, байқаулар және өзге де мәдени іс-шаралар
 13. Бірлескен кәсіпорындарды материалдық қамтамасыз ету немесе көмек беру
 14. Төтенше жағдайлардың салдарын бірлесіп жою
 15. Тәртіп пен қауіпсіздікті бірлесіп қамтамасыз ету
 16. Кіреберістегі баспалдақ алаңындағы кезекшілікті ұйымдастыру
 17. Ауладағы сәкілерге, балалар алаңына және т.б. жерлерге бірлесіп жөндеу жұмыстарын жүргізу
 18. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
 19. Жоқ, соңғы жылда мұндай шараларға қатысқан жоқпын
- (99) Жауап беруге қиналамын

4. Айына қанша сағатыңызды қоғамдық пайдалы қызметке ерікті қатысушы ретінде жұмсауға дайынсыз?

1. 5 сағат және одан аз
 2. 5-10 сағат шамасында
 3. 10 сағаттан жоғары
 4. Мұндай қызметке уақытымды жұмсай алмаймын (жұмсағым келмейді)
 5. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
- (9) Жауап беруге қиналамын

5. Сіз қоғамдық ұйымдар жұмысының қандай түрлеріне қатысуға келісім берер едіңіз (келісе алатын едіңіз)? *(жауаптар саны шектеусіз)*

1. Мұқтаж адамдарға киім-кешек, азық-түлік, медициналық препараттарды жинап беру
 2. Балалар үйіне, мүгедектер, қарттар үйіне, ауруханаларға бару
 3. Қан тапсыру (донорлық)
 4. Ұжымдық акцияларға қатысу
 5. Мүгедектерге, қарт адамдарға, көпбалалы отбасыларға көмек көрсету
 6. Қаражат жинау
 7. Қоғамдық ұйым кеңсесінде үйлестіру жұмыстарын жасау
 8. Ақпараттық жұмыс (тұрғылықты жері бойынша ақпараттандыру, мектепте, жұмыс орны бойынша ұжымдық жиналыстарға қатысу және т.б.)
 9. Кәсіби жұмыс, маман болып жұмыс жасау
 10. Әлеуметтік мекемелерді көріктендіруге қатысу
 11. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
 12. Қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысуды қаламаймын
- (99) Жауап беруге қиналамын

6. Соңғы 2-3 жыл ішінде өз бастамаңызбен немесе өтініш бойынша қоғамдық пайдалы қызметке қатыстыңыз ба?

	Жиі	Сирек	Қатысқан жоқпын	Жауап беруге қиналамын
1) Өзімнің бастамамен	1	2	3	9
2) Өтініш бойынша/ басшылық /университет/мектеп/ жергілікті билік қысымымен	1	2	3	9

7. Сіз мына көрсетілген қоғамдық ұйымдардың (бірлестіктердің) қайсысының құрамында барсыз? *(жауаптар саны шектеусіз)*

1. Экологиялық ұйымдар, спорттық, туристік, аңшылық, автомобиль клубтары/бірлестіктер
2. Қайырымдық бастамалар / акциялар
3. Мәдени, табиғатты қорғау қозғалыстары, бастамашыл топтар, қызығушылықтары бойынша клубтар
4. Қайырымдылық ұйымдары
5. Әйелдер ұйымдары
6. Бастамашыл топтар, ата-аналар бірлестіктері (мектепке дейінгі балалар, оқушылар, мүгедектер)
7. Кәсіподақтар
8. Тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдары

9. Территориялық қоғамдық өзін-өзі басқару, тұрғын үй топтарын жөндеу бойынша жергілікті бастамашыл топтар, студенттік/мектептік өзін-өзі басқару органдары
 10. Құқық қорғау ұйымдары
 11. Тұрғын үй комитеттері, үйлер, кіреберістер бойынша жауаптылар
 12. Жастардың саяси емес сипаттағы бейресми бірлестіктері
 13. Жастардың саяси бірлестіктері
 14. Діни қауымдар, ұйымдар, қозғалыстар
 15. Кәсіби қауымдастықтар/ шығармашылық одақтар
 16. Мүгедектер қоғамы
 17. Ұлттық-патриоттық мағынадағы қозғалыстар
 18. Этникалық қауымдар, ұлттық диаспоралар, жерлестіктер
 19. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
 20. Ешқандай ұйымда тұрмаймын
- (99) Жауап беруге қиналамын*

8. Донорлыққа, қан тапсыруға қалай қарайсыз? (жауап саны екі нұсқадан аспасын)

1. Бір адамға менің қаным керек болуы мүмкін, көмек көрсеткім келеді
 2. Қан менің туыстарыма қажет болса, донор боламын
 3. Бұл қайырымды іс
 4. Бұл қосымша кіріс, жеңілдіктер
 5. Бұл денсаулыққа пайдалы
 6. Өзім медицина қызметкерімін
 7. Донор болып көрмегенмін, болғым да келмейді
 8. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
- (99) Жауап беруге қиналамын*

9. Сіздің елді мекенде ұйымдастырылған қоғамдық іс-шараларға, қоғамдық өмірге Сіздің қатысуыңыздың себебі не болуы мүмкін? (жауап саны үш нұсқадан аспасын)

1. Аумақты абаттандыру, жергілікті тұрғындар өмірінің сапасын жақсарту мүмкіндігі
 2. Табыс табу мүмкіндігі
 3. Бұл қызметтің нәтиже әкелетіндігіне деген кепілдік болуы
 4. Өзге тұрғындардың да (ауыл, қала) қоғамдық өмірге қатысатындығына деген сенімділік
 5. Жеке басты толғандыратын мәселені шешу мүмкіндігі
 6. Бұл істің тұрғындардың көбісі қолдайтын әлеуметтік пайдалы іс екендігін түсіну
 7. Ауыр жағдайға тап болған, материалдық қолдауға мұқтаж адамдарға көмектесуге ұмтылу
 8. Жергілікті билік (қала/ауыл) саясатына ықпал ету мүмкіндігі
 9. Ұжымдық қолдауды талап ететін идеяны немесе жобаны жүзеге асыру қажеттілігі немесе жүзеге асыруды қалау
 10. Жергілікті билікке жариялы түрде қарсылық білдіру мүмкіндігі
 11. Қаладағы әлеуметтік жағдайға көңіл толмаушылықты жариялы түрде білдіру мүмкіндігі
 12. Басшылық тарапынан (қалалық қызметтер, қала, ауыл басшылары, мектеп, ЖОО, кәсіпорындар жетекшілері) берілетін тапсырмалар, қысым
 13. Жергілікті өзін-өзі басқару мәнін түсіну тұрғындардың мәселелерді шешуге атсалысуы, қаланың, ауланың, тұрғын үйдің, мәселелерін өздігінен шешу
 14. Қоғамдық өмірге атсалысу – бұл демократияның маңызды элементі екендігін түсіну
 15. Көршілер, жұмыстағы әріптестері, жолдастары және жақындары тарапынан қоғамдық кінәлаудан қорқу
 16. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
 17. Қоғамдық өмірге, қоғамдық іс-шараларға қатыспаймын
- (99) Жауап беруге қиналамын*

10. Жергілікті деңгейде, елді мекенде пайда болатын сұрақтар мен мәселелерді шешуге жастар не себепті белсенді атсалыспайды? (жауап саны үш нұсқадан аспасын)

1. Шешім қабылдауға ықпал көрсете алу мүмкіндігіне сенбеу
2. Индивидуализм, «әркім өзі үшін»
3. Уақыттың жетіспеушілігі, шектен тыс жұмысбастылық
4. Ортақ істерге бей-жай қарау
5. Ұйымдастырудың жоқтығы

6. Білімнің жетіспеушілігі, біліксіздік
 7. Түрлі деңгейлердегі биліктерге сенім деңгейінің төмендігі
 8. Барлық дайын нәрсеге үміттену әдегі
 9. Азаматтардың өзара сенімінің төмен деңгейі
 10. Тұрғындардың өз жерлестерінің жергілікті өмірдің мәселелерін шешуге қатысуына деген басқа сенімсіздігі
 11. Бұл қызметтің тұрғындар арасындағы танымал болмауы
 12. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
 13. Сұрақтар мен мәселелерді шешу үшін себептер мен кедергілер жоқ
- (99) Жауап беруге қиналамын*

11. Сіздің пікіріңіз бойынша, ерікті көмекшілерді тартудың қай тәсілі тиімді әрі нәтижелі?

1. БАҚ-та әлеуметтік жарнамаларды орналастыру
 2. Ақпаратты радио, телевизияда орналастыру
 3. Жарнамаларды ұйымның интернет-сайтында орналастыру
 4. Жарияланымдарды жергілікті газеттер мен журналдарда орналастыру
 5. Парақшаларды, плакаттарды, хабарландыруларды қоғамдық орындарда орналастыру
 6. Ақпараттарды достар мен таныстар арасында тарату
 7. Тартылу қажет аудиторияларда (мысалы, студенттер, жастар, зейнеткерлер) жиналыстар өткізу
 8. Барлық қызығушылық танытушыларға ұйымдастырулар туралы жиналыстар, ақпараттық акциялар өткізу
 9. Үйлерді аралау, аудан/қала тұрғындары арасында үгіт жүргізу
 10. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
- (99) Жауап беруге қиналамын*

12. Соңғы 6 ай ішінде көмекке мұқтаж адамдарға көмектестіңіз бе?

1. Иә, мұқтаж жандарға (мүгедектерге, жетімдерге, ауруларға, зейнеткерлерге және т.б.) көмектестім
 2. Иә, таныстарға (туыстарға, көршілерге, достарға) көмектестім
 3. Жоқ
 4. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
- (9) Жауап беруге қиналамын*

13. Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстанда еріктілер қызметін дамыту қажеттілігі бар ма?

1. Иә, қажеттілік бар деп ойлаймын
 2. Жоқ, қажеттілік жоқ деп ойлаймын
 3. Ол туралы ешқашан ойланбаппын
- (99) Жауап беруге қиналамын*

14. Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстанда Еріктілік туралы (еріктілік қызметі) туралы Заң қажет пе?

1. Иә, қажеттілік бар деп ойлаймын
 2. Жоқ, қажеттілік жоқ деп ойлаймын
 3. Ол туралы ешқашан ойланбаппын
 4. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
- (9) Жауап беруге қиналамын*

15. Сіздің көзқарасыңыз бойынша еріктілер қызметін қандай тәсілдермен дамытуға болады?

1. Еріктілердің, еріктілер ұйымдарының қызметін жандандыра отырып
 2. Материалдық емес ынталандыру жолымен (оқуға түсу немесе жұмысқа тұру кезінде ескеру)
 3. Материалдық ынталандырумен (сыйақымен)
 4. Біздің қоғамда еріктілікке қызығушылық тудыру мүмкін емес
 5. Еріктілік қызметін дамытудың қажеті жоқ
 6. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
- (9) Жауап беруге қиналамын*

16. Сіз Қазақстанда Ұлттық Еріктілік Желі бар екенін білесіз бе?

1. Иә, білемін
2. Соған ұқсас ақпарат естігенмін
3. Жоқ, білмеймін
4. Басқа жауап (жазып көрсетіңіз)_____

(9) Жауап беруге қиналамын

17. Қазақстандағы қоғамдық пайдалы қызмет үшін жасалған жағдайға баға беруіңізді сұраймыз?

1. Өте қолайлы
2. Қолайлы деп ойлаймын
3. Қолайлы емес деп ойлаймын
4. Өте қолайсыз

(9) Жауап беруге қиналамын

18. Қазақстанда болып жатқан саяси оқиғаларға, жаңалықтарға қызығушылық танытасыз ба?

1. Иә, әрдайым
2. Кейде, үнемі емес
3. Жоқ, қызықпаймын
4. Басқа жауап (жазып көрсетіңіз)_____

(9) Жауап беруге қиналамын

19. Сіз елдің экономикалық жағдайына қызығушылық танытасыз ба?

1. Иә, әрдайым
2. Кейде, үнемі емес
3. Жоқ, қызықпаймын
4. Басқа жауап (жазып көрсетіңіз)_____

(9) Жауап беруге қиналамын

20. Сіздің қалаңызда, ауылыңызда болып жатқан жаңалықтарға қызығушылық танытасыз ба?

1. Иә, әрдайым
2. Кейде, үнемі емес
3. Жоқ, қызықпаймын
4. Басқа жауап (жазып көрсетіңіз)_____

(9) Жауап беруге қиналамын

21. Сіз 2016 жылдың 20 наурызында өткен Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлауға қатыстыңыз ба, дауыс беруге бардыңыз ба?

1. Иә, бардым, дауыс беруге өздігімен шешім қабылдадым
2. Иә, бардым, ұжымыммен, курстастарыммен
3. Жоқ, қолым бос емес болды
4. Жоқ, мен дауыс беруге бармаймын
5. Жоқ, мен дауыс бермедім, мен әлі 18 жасқа толған жоқпын
6. Басқа жауап (жазып көрсетіңіз)_____

(9) Жауап беруге қиналамын

22. Сіз өзіңізді еліңіздің патриотымын деп санайсыз ба?

1. Иә
2. Жоқ дегенге қарағанда, иә деген дұрыс болар
3. Иә дегенге қарағанда, жоқ деген дұрыс болар
4. Жоқ

(9) Жауап беруге қиналамын

23. Келесі адамдар тобының қайсысымен бірінші кезекте қауымдық (бірлік) сезімін сезінесіз?

1. Қазақстан азаматтарымен
2. Өз ұлтыңыздың адамдарымен
3. Сіздің тіліңізде сөйлейтін адамдармен
4. Сіздің кәсібіңіздегі адамдармен
5. Сіздің заманыңыздағы адамдармен

6. Сіз сенетін дінге сенетін адамдармен

(9) Жауап беруге қиналамын

24. Сіздің пікіріңізше, патриот болу деген не, қазақстандық патриотизм үшін бірінші кезекте не негізгі болып табылады? (жауап нұсқасының саны үштен аспасын)

1. Қазақстан халқын бір үлкен жанұя ретінде сезіну
2. Өзіңнің туған өңіріңді, оның тарихы мен мәдениетін білу
3. Адал еңбек, кәсіпкерлікті дамыту
4. Әскерлік борышын өтеу
5. Қоғамдық қызмет, қоғамдық белсенділік
6. Отбасын құру, өмірінді Қазақстанда жоспарлау
7. Қазақстандық заңнамаларды сыйлау және орындау
8. Елдік экономикалық және саяси тармақтарын білу, оған қолдау көрсету
9. Мемлекеттік мүдделерді көрсете білу, шетелде, шетелдік қонақтар алдында елдің бетке ұстары болу
10. Жеке меншіктің, берік материалдық қордың болуы
11. Отаннан алыс жүргенде оны сағына еске алу
12. Отанды сүю
13. Басқа жауап (жазып көрсетіңіз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

25. Сіз Қазақстан жастарының көбісі өз елінің патриоттары деп айта аласыз ба?

1. Иә
2. Иә деп ойлаймын
3. Жоқ деп ойлаймын
4. Жоқ

(9) Жауап беруге қиналамын

26. Сіз қазіргі таңда кәсіпкерлік қызметпен айналысасыз ба немесе болашақта онымен айналысу жоспарыңызда бар ма?

1. Кәсіпкерлік қызметпен айналысамын
2. Бұрын кәсіпкерлік қызметпен айналысқанмын, қазір айналыспаймын
3. Болашақта кәсіпкерлік қызметпен айналу жоспарымда бар
4. Жоқ, айналыспаймын
5. Басқа жауап (жазып көрсетіңіз) _____

(9) Жауап беруге қиналамын

27. Сіз өз қалаңызда, ауылыңызда өткізілетін спорттық-бұқаралық іс-шараларға қатысасыз ба (көрермен ретінде емес)?

1. Иә, үнемі
2. Иә, мүмкін болған кезде
3. Жоқ
4. Жоқ, бізде ешқашан спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілмейді
5. Басқа жауап (жазып көрсетіңіз) _____

(9) Жауап беруге қиналамын

28. Сізге спорттық-бұқаралық іс-шараларға қатысу не береді?

1. Үйден, кеңседен шығып кетуге мүмкіндік
2. Ұжыммен жақындасу, жаңа таныстықтар орнату мүмкіндігі
3. Өз ой-өрісінді кеңейтіп, бос уақытты өткізуді түрлендіру мүмкіндігі
4. Өзіңнің дене бітіміңді жақсы қалыпта сақтау мүмкіндігі
5. Басқа жауап (жазып көрсетіңіз) _____

(9) Жауап беруге қиналамын

29. Сіз қалай ойлайсыз, біздің елімізде жастардың өмірлік жоспарларын жүзеге асыруына не кедергі келтіреді? (жауаптар саны шексіз)

1. Аға буын тарапынан жас адамдарды кемсітушілік
2. Еңбек нарығында жастардың сұранысқа ие болмауы
3. Қазіргі заманғы жастардың менталитеті, белсенділіктің төмендігі
4. Елдегі жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдай
5. Сапалы білімнің қолжетімсіз болуы
6. Жастарды қолдау бойынша ықпалды мемлекеттік саясаттың болмауы

7. Өз күшін қайда және қалай жұмсауды білмеу
8. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
(9) Жауап беруге қиналамын

30. Сіз қалай ойлайсыз, жастар қандай құралдар көмегімен саясатқа және қолданылып жатқан саяси шешімдерге ықпал ете алады?

1. Сайлауға қатысумен
2. Наразылықтарға, митингілерге қатысумен
3. Саяси партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың қызметтеріне қатысумен
4. Жергілікті билік органдарының қызметіне қатысумен
5. Жастардың жұмыс орны, оқу орны бойынша өзін-өзі басқару органдарында қатысуы
6. Қайырымдылық іс-шараларға қатысу
7. Флеш-мобтарға қатысу
8. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
9. Жастар саяси шешімдерге ықпал ете алмайды
(9) Жауап беруге қиналамын

31. Сізді күйзеліске түсіретін себептерді атап көрсетуіңізді сұраймыз?

1. Қаржылық қиыншылықтар
2. Ұжыммен, достармен байланысты мәселелер
3. Отбасыдағы мәселелер
4. Жалғыздық
5. Оқумен, жұмыспен байланысты мәселелер
6. Менде күйзелістік жағдайлар болмайды
7. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
(9) Жауап беруге қиналамын

32. Сіздің елді мекеніңізде жастардың бос уақыттын тиімді өткізуді ұйымдастыруға жеткілікті назар аударыла ма?

1. Иә, жеткілікті
2. Жеткілікті деп ойлаймын
3. Жеткіліксіз деп ойлаймын
4. Жоқ, жеткіліксіз
(9) Жауап беруге қиналамын

33. Сіз өз елді мекеніңізде өткізілетін бос уақытты тиімді пайдалану іс-шараларына көңіліңіз тола ма?

1. Толық көңілім толады
2. Толмайды дегенге қарағанда, толады деген дұрыс болады
3. Толады дегенге қарағанда, толмайды деген дұрыс болады
4. Мүлде көңілім толмайды
(9) Жауап беруге қиналамын

34. Жастар тәжірибесі аясында білім ұйымдарының түлектерін жұмыспен қамтамасыз ету туралы естуіңіз бар ма немесе білесіз бе?

1. Білемін, өзім Жастар тәжірибесі бойынша жұмысқа орналасқанмын
2. Білемін, достарым, таныстарым Жастар тәжірибесі бойынша жұмысқа орналасқан
3. Жастар тәжірибесі туралы естуім бар
4. Ешнәрсе білмеймін, Жастар тәжірибесі туралы естуім жоқ
5. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
(9) Жауап беруге қиналамын

35. Сіздің «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы туралы естуіңіз бар ма?

1. Иә, білемін, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасына қатысқанмын
2. Иә, білемін, қазіргі таңда «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының арқасында жұмыс жасап жүрмін
3. Иә, білемін, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасына менің достарым, таныстарым қатысқан
4. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы туралы бір нәрселер естігенмін
5. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____
(9) Жауап беруге қиналамын

36. Сіздің «Дипломмен – ауылға!» жобасы жайлы естуіңіз бар ма?

1. Иә, білемін, «Дипломмен – ауылға!» жобасына қатысқанмын
2. Иә, білемін, қазіргі таңда «Дипломмен – ауылға!» жобасының арқасында жұмыс жасап жүрмін
3. Иә, білемін, «Дипломмен – ауылға!» жобасына менің достарым, таныстарым қатысқан
4. «Дипломмен – ауылға!» жобасы туралы бір нәрселер естігенмін
5. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____

(9) Жауап беруге қиналамын

ҚОРЫТЫНДЫДА ӨЗІҢІЗ ЖАЙЛЫ БІРҚАТАР ДЕРЕКТЕР БЕРУІҢІЗДІ СҰРАЙМЫЗ

D1. Сіздің жынысыңыз: 1. Ер 2. Әйел

D2. Сіздің толық жасыңыз нешеде екенін көрсетуіңізді сұраймыз? _____

D3. Сіздің ұлтыңыз?

1. Қазақ
2. Орыс
3. Басқа жауап *(жазып көрсетіңіз)* _____

D4. Сіздің біліміңіз:

1. Жоғары (магистр, кандидат/ғылым докторы, PhD докторы дәрежесімен)
2. Жоғары (бакалавр/маман)
3. Аяқталмаған жоғары
4. Орта мамандандырылған/кәсіби білім
5. Жалпы орта
6. Толық емес орта
7. Білімім жоқ

D5. Сіз қайда тұрасыз?

1. Ата-анаммен/ туыстарыммен бірге тұрамын
2. Өз пәтерімде/үйімде тұрамын
3. Жалдамалы пәтерде/бөлмеде тұрамын
4. Жатақханада тұрамын

(9) Жауап беруге қиналамын

D6. Сіз келесі тілдерді қаншалықты деңгейде меңгергенсіз? (әр жол бойынша бір жауап нұсқасын белгілеңіз)

	Мүлде білмеймін	Тек бірнеше сөз бен сөз тіркесін білемін	Түсінемін, сонымен қатар, жеңіл әңгімеге қатыса аламын	Еркін сөйлей де, оқи да, жаза да аламын
1. Қазақ тілі	1	2	3	4
2. Орыс тілі	1	2	3	4
3. Ағылшын тілі	1	2	3	4
4. Өзге тіл	1	2	3	4

D7. Сіздің отбасылық жағдайыңыз:

1. Үйленген / Тұрмыс құрған
2. Азаматтық некеде (бірге тұрамыз)
3. Бойдақ / тұрмыс құрмаған
4. Жесір
5. Ажырасқан

(9) Жауап беруге қиналамын

D8. Сіз өз отбасыңыздың және өзіңіздің материалдық жағдайыңызды қалай бағалар едіңіз?

1. Бізге азық-түлікке де қаражат жетіспейді
2. Қаражат тек төлеусіз болмайтын (азық-түлік, коммуналдық қызметтерді төлеу, дәрі-дәрмек) ең қажетті шығындарға ғана жетеді
3. Қаражат азық-түлік пен басқа да ең қажетті шығындарға, киімге және ұсақ-түйек тұрмыстық техниканы сатып алуға жетеді, бірақ тоназытқыш пен кір жуғыш машина сатып алу қиынға түсер еді
4. Қаражат ең қажетті шығындарға, киімге және ірі тұрмыстық техникаға жетеді, бірақ жаңа машина сатып ала алмаймыз
5. Қаражат барлығына жетеді, тек жылжымайтын мүлік (саяжай немесе пәтер) сатып ала алмаймыз

6. Материалдық қиындықтарды сезінбейміз. Қажет болған жағдайда саяжай, пәтер сатып ала аламыз

(9) Жауап беруге қиналамын

D9. Қазіргі таңда Сіз жұмыс жасайсыз ба?

1. Жоқ, мен тек оқимын -----→ **САУАЛНАМАНЫ ТОЛТЫРУДЫ АЯҚТАУ**
2. Оқимын және жұмыс жасаймын (қосымша табыс)
3. Иә, жұмыс жасаймын
4. Мен оқымаймын, жұмыс та жасамаймын, жұмыс іздеп жүрген **ЖОҚПЫН** ----→
САУАЛНАМАНЫ ТОЛТЫРУДЫ АЯҚТАУ
5. Мен оқымаймын, жұмыс та жасамаймын (жұмыс іздеп жүрмін) -----→ **САУАЛНАМАНЫ ТОЛТЫРУДЫ АЯҚТАУ**

(9) Жауап беруге қиналамын

D10. Өзіңіздің негізгі қызметіңіздің түрін көрсетуіңізді сұраймыз?

1. Ұйым жетекшісі
2. Бөлім, бөлімше, қызмет жетекшісі
3. Жоғары деңгейдегі біліктілігі бар маман
4. Орта деңгейдегі біліктілігі бар маман
5. Ақпарат дайындау, құжаттарды, есептерді рәсімдеу, қызмет көрсетумен айналысатын қызметкер
6. Қызмет көрсету, коммуналдық қызмет көрсету, сауда және сол тектес қызмет түрлері саласының қызметкері
7. Ауыл, орман, балық өсіру және аулау шаруашылығының білікті жұмысшысы
8. Ірі және шағын өнеркәсіп ұйымдарының, көркемөнер кәсібінің, құрылыстың, көліктің, байланыстың білікті жұмысшысы
9. Оператор, аппаратшы, қондырғы және көлік машинисі, слесарь-құрастырушылар
10. Біліктілігі жоқ жұмысшы
11. Лицензиясы бар жеке кәсіпкер
12. Өзін-өзі жұмыспен қамтушы
13. Басқа жауап (*жазып көрсетіңіз*) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

Сарапшылардың пікірін анықтау сауалнамасы

№ _____ анкета

Сараптамалық сауалнама анкетасы

Құрметті сарапшы! Сізді жастардың қоғамға пайдалы қызметке қатысуын зерттеуге, қоғамдық пайдалы қызметке атсалысу себептерін зерттеуге арналған зерттеуімізге қатысуға шақырамыз. Қоғамдық пайдалы қызмет, жастар елдің мәдени, экономикалық және әлеуметтік өміріне қатысуының негізгі жолы болып саналады. Зерттеу нәтижелері бойынша қорытындылар жасалады және қоғамға пайдалы істер мен жастардың қоғамдық іс-шараларға тартуды дамыту үшін ұсыныстар дайындалатын болады.

Біз үшін Сіздің пікіріңіз өте маңызды!

Сауалнамаға қатысқаныңыз үшін алдын-ала алғыс білдіреміз!

1. Қазақстанда қоғамдық пайдалы істі сипаттау үшін қандай анықтама көбірек сәйкес келетінін көрсетуіңізді өтінеміз? (ҮШ СИПАТТАМАДАН АРТЫҚ КӨРСЕТПЕУІҢІЗДІ СҰРАЙМЫЗ)

1. Адамдарға пайда әкелу мүмкіндігі
2. Қоғамдық өмірге қатысу
3. Өзінің материалдық жағдайын жақсарту тәсілі
4. Пайдалы байланыстар, таныстықтарға ие болу тәсілі
5. Кәсіби өсу мен біліктілікті арттыру мүмкіндігі
6. Моральдық қанағаттану, өзінің адамдарға керек екендігін сезу мүмкіндігі
7. Өзінің негізгі жұмысынан тыс уақыттағы қызмет
8. Еркін таңдау және адамның жеке белсенділігін көрсетудегі еркі
9. Жеке идеяларды жүзеге асыру
10. Өзінің әлеуметтік мәртебесін арттыру тәсілі
11. Өзін толғандыратын жеке мәселелерді шешу тәсілдері
12. Мәжбүрлеу бойынша жұмыстар
13. Еңбекке материалдық өтемақының болмауы
14. Тапшы ресурстар мен ақпараттардың қолжетімді болуы
15. Басқа жауап (жазуыңызды сұраймыз) _____

2. Сіз қалай ойлайсыз, қоғамдық пайдалы іс сияқты шаралар біздің елімізде қаншалықты таралған? (ӨЗ ЖАУАБЫҢЫЗДЫ ТОЛЫҒЫРАҚ ЖАЗУЫҢЫЗДЫ ӨТІНЕМІЗ)

3. Сіздің пікіріңізше, елімізде жастарды қоғамдық пайдалы істерге тарту, көбінесе, қалай жүргізіледі?

1. Бастама жастардың тарабынан болады
2. Үдеріс мәжбүрлеу сипатында болады
3. Басқа (толығырақ жазыңыз) _____

4. Қазақстан жастарының арасында қоғамдық пайдалы істердің қандай формалары барынша кең таралған?

1. Қайырымдылық істер
2. Меценаттық және демеушілік қызмет
3. Еріктілер қызметі
4. Донорлық
5. Басқа жауап (жазып көрсетіңіз) _____

5. Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстандағы қоғамдық пайдалы істердің дамуын мемлекет қолдауы қажет пе, осындай қажеттілік бар ма, жоқ па? (ӨЗ ЖАУАБЫҢЫЗДЫ ТОЛЫҒЫРАҚ ЖАЗУЫҢЫЗДЫ ӨТІНЕМІЗ)

6. Егер сіз қоғамдық пайдалы істерді қолдауды қажет деп санасаңыз, мемлекеттік қолдау қандай жолмен жүзеге асырылуы қажет?

1. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс
 2. Қоғамдық пайдалы ұйымдар мәртебесі берілген ұйымдар үшін салық мөлшеріндегі жеңілдіктер
 3. Мемлекеттік марапаттар түрінде көтермелеу
 4. Басқа жауап (*толығырақ жазыңыз*) _____
-
-

7. Сіз қалай ойлайсыз, бүгінгі таңда мемлекет қоғамдық пайдалы қызметке қолдау көрсете ме?

1. Иә, көрсетеді
 2. Жартылай қолдайды
 3. Жоқ, қолдай көрсетпейді
 4. Басқа жауап (*жазып көрсетіңіз*) _____
-
-

8. Жастар қатысатын ерікті бастамадағы іс-шаралар жалпы алғанда, қаншалықты тиімді?

1. Тиімді
 2. Тиімді деп айтуға болады
 3. Тиімді емес деп айтуға болады
 4. Тиімді емес
 5. Басқа жауап (*жазып көрсетіңіз*) _____
-
-

9. Жастардың қатысуымен өтетін ерікті бастамадағы іс-шаралар неліктен тиімді деп ойлайсыз? Тиімділігі неде? (ӨЗ ЖАУАБЫҢЫЗДЫ ТОЛЫҒЫРАҚ ЖАЗУЫҢЫЗДЫ СҰРАЙМЫЗ)

10. Жастардың қатысуымен өтетін ерікті бастамадағы іс-шаралар неліктен тиімсіз деп ойлайсыз? (ӨЗ ЖАУАБЫҢЫЗДЫ ТОЛЫҒЫРАҚ ЖАЗУЫҢЫЗДЫ СҰРАЙМЫЗ)

11. Елдердің қоғамдық пайдалы қызмет туралы заңдар қабылдайтындығы әлемдік тәжірибеден белгілі, мысалы, Венгрияда қоғамдық пайдалы қызмет туралы заң 1997 жылы қабылданды, Польшада – 2003 жылы, Латвияда парламент заңды қарастыруда. Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстанда қоғамдық пайдалы қызмет туралы заң қабылдау қажеттілігі бар ма?

1. Иә, Қоғамдық пайдалы қызмет туралы Заң қабылдау қажеттілігі көптен бері туындаған
2. Қоғамдық қызметпен байланысты мәселелерді реттейтін «Еріктілер қызметі туралы» Заң қабылдаса, сол жеткілікті деп санаймын

3. Қазіргі кезеңде Қоғамдық пайдалы қызмет туралы Заң қабылдау қажеттілігі жоқ деп ойлаймын

4. Басқа жауап (жазуыңызды өтінемін) _____

12. Сіз қазіргі заманда жастар үшін қоғамдық бірлестіктер мен қоғамдық қызметтің қажеттілігін қалай бағалайсыз? Немесе жастар жұмысқа тұру, тұрғын үй мәселесі, қымбат жоғарғы білім сынды басқа да маңызды мәселелерге көп көңіл бөле ме? (ЖАУАБЫҢЫЗДЫ ТОЛЫҚ ЖАЗЫП КӨРСЕТИҢІЗ)

13. Сіз қалай ойлайсыз, жастардың қай санаты қоғамдық пайдалы қызметке қатысуға барынша белсенділік пен қызығушылық танытады?

1. Оқушылар
2. Колледжде білім алатын студенттер
3. Қиын жасөспірімдер
4. Жұмыссыздар
5. Жас кәсіпкерлер
6. Басқа жауап (жазып көрсетуіңізді сұраймыз) _____

7. Әлеуметтік мәртебе анықтаушы болып табылмайды

14. Қандай құрылымдар, органдар қоғамдық пайдалы қызметтер аясындағы іс-шаралардың жиі ұйымдастырушылары болып табылады?

1. Жоғарғы оқу орындарының әкімшілігі (ЖОО)
2. Орта білім беру мекемелерінің әкімшілігі (мектептер, колледждер)
3. Жастар ұйымы, клубтар
4. Экологиялық ұйымдар
5. Жұмыспен қамту қызметтері
6. Жергілікті мемлекеттік атқарушы органдар
7. Халықаралық ұйымдар
8. Басқа жауап (атап көрсетіңіз) _____

15. Сіздің пікіріңіз бойынша, Қазақстанда қоғамдық пайдалы қызметтің дамуына қандай факторлар ықпал етеді?

1. Еріктілерді ынталандыру жүйесін дамыту
2. Еріктілік қағидасын қатаң сақтау
3. Қоғамдық, ерікті іс-шаралар, қозғалыстар туралы ақпараттарды кеңейту
4. Жастар ұйымдарын дамыту
5. Қоғамдық пайдалы қызмет туралы заң қабылдау
6. Басқа жауап (жазып көрсетіңіз) _____

16. Сіздің елді мекеніңізде қоғамдық пайдалы қызметтің дамуына қандай факторлар кедергі келтіреді?

1. Әлсіз экономикалық жағдай, қаражаттың болмауы
2. Қоғамдық қызметті, іс-шараны әлсіз ұйымдастыру
3. Жастар, жастар ұйымдарымен әлсіз байланыста болу
4. Басқа (атап көрсетіңіз) _____

5. Қазақстанда қоғамдық пайдалы қызметтің дамуына еш нәсre кедергі келтірмейді

17. Сіздің пікіріңізше, Қазақстанның қай облысындағы жастар барынша белсенді болып келеді, оның ішінде қоғамдық қызметке қатысады, қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырады, оларға қатысуға жастарды тартады және т.б.?

1. Ақмола
2. Ақтөбе
3. Алматы
4. Атырау
5. Шығыс Қазақстан
6. Жамбыл
7. Батыс Қазақстан
8. Қарағанды
9. Қостанай
10. Қызылорда
11. Маңғыстау
12. Павлодар
13. Солтүстік Қазақстан
14. Оңтүстік Қазақстан
15. Астана қ.
16. Алматы қ.
17. Менің ойымша, жастар барынша белсенділік танытып отырған белгілі бір аймақ жоқ
18. Басқа жауап *(жазып, көрсетіңіз)*

18. Сіз қалай ойлайсыз, сіздің қалаңыздың жастары қоғамдық пайдалы қызметке қаншалықты белсенді қатысады? (ӨЗ ЖАУАБЫҢЫЗДЫ ТОЛЫҒЫРАҚ ЖАЗУЫҢЫЗДЫ ӨТІНЕМІЗ)

19. Сіздің пікіріңізше, жастардың қоғамдық пайдалы қызметке белсенді қатысуына не кедергі? (ЖАУАБЫҢЫЗДЫҢ ҮШ НҰСҚАДАН АРТЫҚ БОЛМАУЫН ӨТІНЕМІЗ)

1. Шешім қабылдауға ықпал көрсету мүмкіндігіне сенбеу
2. Индивидуализм, «әркім өзі үшін»
3. Уақыттың жеткіліксіздігі, шектен тыс жұмысбастылық
4. Ортақ істерге бей-жай қарау
5. Ұйымдастырудың жоқтығы
6. Білімнің жеткіліксіздігі, құзіреттіліктің жоқтығы
7. Түрлі деңгейдегі билікке деген сенімнің төмен деңгейі
8. Дайынға үміттену әдеті
9. Азаматтардың өзара сенімінің төмен деңгейі
10. Азаматтардың жергілікті өмір мәселесін шешуде өзге азаматтардың қатысуына деген сенімсіздігі
11. Бұл қызметтің тұрғындар арасында танымал болмауы
12. Басқа жауап *(атап көрсетіңіз)* _____

13. Ешнәрсе кедергі жасамайды

20. Сіз қалай ойлайсыз, қоғамдық пайдалы қызметке қатысуға жастарды не ынталандырады? (ЖАУАБЫҢЫЗДЫҢ ҮШ НҰСҚАДАН АРТЫҚ БОЛМАУЫН ӨТІНЕМІЗ)

1. Байланыстарды жақсарту, жаңа таныстар, байланыстар іздеу
2. Өз қатарластарының арасында өзінің танымалдылығын, мәртебесін көтеру
3. Уақытты пайдалы өткізу
4. Табыс табу мүмкіндігі
5. Бұл қызметтің нәтиже әкелетіндігіне кепілдіктің болуы

6. Жеке басты толғандырып жүрген мәселені шешу мүмкіндігі
 7. Адамдарға көмек беруге ұмтылу
 8. Жергілікті биліктің саясатына ықпал ету мүмкіндігі
 9. Жергілікті билікке жариялы түрде қарсылық білдіру мүмкіндігі
 10. Қаладағы әлеуметтік жағдайға: билік тарапынан (қалалық қызмет, қала, ауыл басшылары, кәсіпорын жетекшілері) көрсетілетін қысымға, нұсқауларға өзінің көңілінің толмайтындығын жариялы түрде білдіру мүмкіндігі
 11. Қоғамдық өмірге атсалысу – бұл демократияның маңызды бөлшегі екенін түсіну
 12. Көршілер, жұмыстағы әріптестер, жолдастар мен жақындар тарапынан қоғамдық кіналау қаупі
 13. Басқа жауап (*атап көрсетіңіз*) _____
-

21. Сіздің пікіріңізше, жалпы білім беретін мектеп аясындағы тәрбие жұмысы жастарды қоғамдық пайдалы қызметке тарту үдерісіне қалай ықпал етіп жатыр?

1. Қоғамдық пайдалы қызмет оқушыларды тәрбиелеу үдерісінде есепке алынбайды, тәрбие үдерісінің міндетті құраушысы болып табылмайды
 2. Қоғамдық пайдалы қызмет жалпы білім беретін мектептерде сынып және мектеп ұжымының аясында шектеледі, бұл оның дамушы және тәрбиелік әсерін өзгертеді
 3. Қазіргі таңда қоғамдық пайдалы қызмет тәрбиелік үдерісте оқумен қатар жетекші орынға ие
 4. Басқа жауап (*атап көрсетіңіз*) _____
-

22. Сіз қалай ойлайсыз, жалпы алғанда, Қазақстандағы жастардың бос уақыттарын өткізуі қаншалықты сапалы әрі тиімді ұйымдастырылған?

1. Жастардың бос уақыттарын өткізуі тиімді ұйымдастырылған, жастардың бос уақыттарын сапалы өткізуге барлық мүмкіндіктер бар, барлық жағдайлар жасалған
 2. Жастардың бос уақыттарын өткізуі тек ірі қалаларда ғана ұйымдастырылған, ауыл жастарының бос уақытын өткізуі мүлде ұйымдастырылмаған, ауыл жастары көбінесе бос уақыттарын «дұрыс өткізбейді», бұл өз кезегінде жастар арасында маскүнемдіктің, нашақорлықтың, қылмыстың өсуіне ықпал етеді
 3. Жастардың бос уақыттарын өткізуін көбінесе коммерциялық құрылымдар ұйымдастырады, бұл қызметтердің құны мен оның қолжетімділігіне ықпал етеді
 4. Қазақстанда жастардың бос уақыттарын өткізуі мүлде ұйымдастырылмаған
 5. Басқа жауап (*жазып көрсетуіңізді өтінеміз*) _____
-

23. Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстанның барлық жастары қоғамдық пайдалы қызметке біркелкі қатыса ма? Немесе қала жастарының (қалада тұратын) ауыл жастарымен салыстырғанда қоғамдық пайдалы қызметке қатысуға мүмкіндіктері көп пе?

1. Қоғамдық пайдалы қызметке Астана, Алматы қалаларының және облыс орталықтарының жастары ғана қатысады, өзге елді мекендердің жастарының қоғамдық іс-шараларға қатысуға мүмкіндіктері жоқ
 2. Қоғамдық пайдалы қызметке тек қала жастары қатысады, оның ішінде шағын қалалардың жастары, ауыл жастары өз ауылдарында қоғамдық қызметке мүлде қатыспайды
 3. Басқа жауап (*жазып көрсетуіңізді өтінеміз*) _____
-

24. Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстандағы қоғамдық пайдалы қызметті дамыту үшін не істеу керек? Қазақстан жастарының арасында қоғамдық пайдалы қызметті дамыту үшін қандай ұсыныс бере аласыз?

25. Сіздің пікіріңізше, Қазақстан жастары арасында қандай іс-шаралар танымал және кең таралған? Қандай іс-шараларға жастар жиі, сирек қатысады немесе мүлде қатыспайды? (ӘР ЖОЛ БОЙЫНША БІР ЖАУАП НҰСҚАСЫН БЕРУІҢІЗДІ СҰРАЙМЫЗ)

	Жиі	Сирек	Ешқашан	Еш нәрсе естіген емеспін	Жауап беруге қиналамын
1. Сайлау науқанын өткізуге қатысу	1	2	3	4	5
2. Кіреберістерді, үйлерді, балалар алаңдарын, қоршаған аумақтарды ұжымдық абаттандыру	1	2	3	4	5
3. Қиын жағдайға тап болған адамдарға қаражат, киім-кешек жинау	1	2	3	4	5
4. Елдің, өңірдің, елді мекеннің өміріндегі оқиғаларға байланысты митингтерге, наразылық шерулеріне, ереуілдерге қатысу	1	2	3	4	5
5. Қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатысу	1	2	3	4	5
6. Саяси партиялардың, қозғалыстардың, кәсіподақ ұйымдарының қызметіне қатысу	1	2	3	4	5
7. Сенбілік, жақын маңдағы аумақтарды жинастыру іс-шаралары	1	2	3	4	5
8. Ағаштар отырғызу мен өзге де көгалдандыру жұмыстарына қатысу	1	2	3	4	5
9. Аула сайыстары және өзге де спорттық іс-шаралар	1	2	3	4	5
10. Аула мерекелері, байқаулар және өзге де мәдени іс-шаралар	1	2	3	4	5
11. Бірлескен кәсіпорындарды материалдық қамтамасыз ету немесе көмек беру	1	2	3	4	5
12. Төтенше жағдайлардың салдарын бірлесіп жою	1	2	3	4	5
13. Тәртіп пен қауіпсіздікті бірлесіп қамтамасыз ету	1	2	3	4	5
14. Іздеу жасақтарын ұйымдастыру	1	2	3	4	5
15. Басқа жауап (жазып көрсетуіңізді өтінеміз)	1	2	3	4	
16. Басқа жауап (жазып көрсетуіңізді өтінеміз)	1	2	3	4	

Және өзіңіз жайлы бірнеше сұрақ:

26. Сіздің толық жасыңыз нешеде? (жазып көрсетіңіз) _____

27. Өзіңізді қай сарапшылар санатына жатқызасыз?

1. Қоғамдық ұйым өкілі
2. Жастар қоғамдық ұйымының өкілі
3. Тәрбие ісі жөніндегі оқу ісінің меңгерушісі
4. ЖОО, колледж меңгерушісі
5. Мемлекеттік орган өкілі
6. Жастар ресурстық орталығының өкілі
7. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі
8. Блогер

9. Басқа жауап (жазып көрсетуіңізді өтінеміз)

Сұхбат жүргізуші үшін

Сауалнама қай жерде өткізілгенін көрсетіңіз:

1. Ақмола
2. Ақтөбе
3. Алматы
4. Атырау
5. Шығыс Қазақстан
6. Жамбыл
7. Батыс Қазақстан
8. Қарағанды
9. Қостанай
10. Қызылорда
11. Маңғыстау
12. Павлодар
13. Солтүстік Қазақстан
14. Оңтүстік Қазақстан
15. Астана қ.
16. Алматы қ.

Сұхбат жүргізушісінің аты-жөні _____

Сауалнама жүргізілген уақыт _____ 2016 жыл

Сызбалы бөлінулер (жастардың жауаптары)

Қоғамдық пайдалы қызмет деп нені түсінесіз?

	Саны	%
Адамдарға пайда әкелу мүмкіндігі	1291	64,6
Қызықты адамдармен қарым-қатынас	661	33,1
Қоғамдық өмірге араласу	935	46,8
Өзінің материалдық жағдайыңды жақсарту тәсілі	212	10,6
Пайдалы байланыстар мен таныстықтарға ие болу тәсілі	335	16,8
Кәсіби өсу мен біліктілікті арттыру мүмкіндігі	228	11,4
Моральдық қанағаттану, өзіңнің адамдарға керектігінді сезіну мүмкіндігі	410	20,5
Өзінің негізгі жұмысынан бос уақыттағы қызмет	322	16,1
Еркін таңдау және өзінің жеке белсенділігін көрсету, жеке идеяларын жүзеге асыруға игі іске деген ерік	457	22,9
Сенім, тілектестік және серіктестік негізінде ұйымдастырылған жұмыста жауапты түрде қатысу	353	17,7
Өзінің әлеуметтік мәртебесін арттыру тәсілі, өзін алаңдататын жеке мәселесін шешу тәсілі	162	8,1
Мәжбүрлі түрде жұмыс жасау	87	4,4
Еңбек үшін материалдық өтемақының жоқтығы	162	8,1
Тапшы ресурстардың, ақпараттардың қолжетімділігі	46	2,3
Жауап беруге қиналамын	7	0,4

Сіз ешқандай сыйақы, төлемақы төленбейтін қоғамдық жұмысқа қатысып көрдіңіз бе, мысалы, жалпықалалық сенбіліктегі тазалық жұмысы, жалғызбасты зейнеткерлер мен мүгедектерге көмек беру, ағаш отырғызу және т.б.?

	Саны	%
Иә, жұмыс орны бойынша	543	27,2
Иә, оқу кезінде	1044	52,2
Иә, тұрғылықты жер бойынша	251	12,6
Иә, әскердегі қызмет кезінде	27	1,4
Иә, қоғамдық ұйымда	60	3,0
Жоқ, қоғамдық пайдалы жұмыспен айналысып көрмегенмін, қоғамдық пайдалы жұмыс бойынша тәжірибем жоқ	298	14,9
Жауап беруге қиналамын	25	1,3

Соңғы жылда қандай іс-шараларға қатыстыңыз?

	Саны	%
Сайлау науқанын өткізуге қатысу	248	12,4
Кіреберістерді, үйлерді, балалар алаңдарын, қоршаған аумақтарды ұжымдық абаттандыру	254	12,7
Ауыр жағдайға тап болған адамдарға қаражат, киім-кешек жинау	354	17,7
Елдің, өңірдің, елді мекеннің өміріндегі оқиғаларға байланысты митингтерге, наразылық шерулеріне, ереуілдерге қатысу	39	2,0
Қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатысу	171	8,6
Саяси партиялардың, қозғалыстардың, кәсіподақ ұйымдарының қызметіне қатысу	40	2,0
Сенбілік, жақын маңдағы аумақтарды жинастыру іс-шаралары	993	49,7
Тұрғын үй немесе кіреберістер тұрғындарының жиналысы	173	8,7
Ағаштар отырғызу мен өзге де көгалдандыру жұмыстарына қатысу	285	14,3
Кіреберістерді тұрғындар күшімен жөндеу	79	4,0
Аула сайыстары және өзге де спорттық іс-шаралар	113	5,7
Аула мерекелері, байқаулар және өзге де мәдени іс-шаралар	179	9,0
Бірлескен кәсіпорындарды материалдық қамтамасыз ету немесе көмек беру	55	2,8
Төтенше жағдайлардың салдарын бірлесіп жою	23	1,2
Тәртіп пен қауіпсіздікті бірлесіп қамтамасыз ету	55	2,8
Кіреберістегі баспалдақ алаңындағы кезекшілікті ұйымдастыру	29	1,5
Ауладағы сәкілерге, балалар алаңына және т.б. жерлерге бірлесіп жөндеу жұмыстарын жүргізу	65	3,3

Жоқ, соңғы жылда мұндай шараларға қатысқан жоқпын	480	24,0
Балалар үйіне көмек көрсету	1	0,1
Донор ретінде қан тапсыру	1	0,1
Қарт адамдарға жәрдемдесу	3	0,2
Бұралқы жануарларға көмектесу	1	0,1
Жауап беруге қиналамын	19	1,0

Айына қанша сағатыңызды қоғамдық пайдалы қызметке ерікті қатысушы ретінде жұмсауға дайынсыз?

	Саны	%
5 сағат және одан аз	964	48,2
5-10 сағат шамасында	434	21,7
10 сағаттан жоғары	97	4,9
Мұндай қызметке уақытымды жұмсай алмаймын (жұмсағым келмейді)	344	17,2
Жауап беруге қиналамын	161	8,1

Сіз қоғамдық ұйымдар жұмысының қандай түрлеріне қатысуға келісім берер едіңіз (келісе алатын едіңіз)?

	Саны	%
Мұқтаж адамдарға киім-кешек, азық-түлік, медициналық препараттарды жинап беру	890	44,5
Балалар үйіне, мүгедектер, қарттар үйіне, ауруханаларға бару	581	29,1
Қан тапсыру (донорлық)	837	41,9
Ұжымдық акцияларға қатысу	260	13,0
Мүгедектерге, қарт адамдарға, көпбалалы отбасыларға көмек көрсету	481	24,1
Қаражат жинау	288	14,4
Қоғамдық ұйым кеңсесінде үйлестіру жұмыстарын жасау	103	5,2
Ақпараттық жұмыс (тұрғылықты жері бойынша ақпараттандыру, мектепте, жұмыс орны бойынша ұжымдық жиналыстарға қатысу және т.б.)	196	9,8
Кәсіби жұмыс, маман болып жұмыс жасау	196	9,8
Әлеуметтік мекемелерді көріктендіруге қатысу	178	8,9
Қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысуды қаламаймын	242	12,1
Сенбіліктер	1	0,1
Жауап беруге қиналамын	58	2,9

Соңғы 2-3 жыл ішінде өз бастамаңызбен немесе өтініш бойынша қоғамдық пайдалы қызметке қатыстыңыз ба? (саны)

	Жиі	Сирек	Қатысқан жоқпын	Жауап беруге қиналамын
Өзімнің бастамамен	317	712	878	93
Өтініш бойынша/ басшылық /университет/мектеп/ жергілікті билік қысымымен	409	730	750	111

Соңғы 2-3 жыл ішінде өз бастамаңызбен немесе өтініш бойынша қоғамдық пайдалы қызметке қатыстыңыз ба? (%)

	Жиі	Сирек	Қатысқан жоқпын	Жауап беруге қиналамын
Өзімнің бастамамен	15,9	35,6	43,9	4,7
Өтініш бойынша/ басшылық /университет/мектеп/ жергілікті билік қысымымен	20,5	36,5	37,5	5,6

Сіз мына көрсетілген қоғамдық ұйымдардың (бірлестіктердің) қайсысының құрамында барсыз?

	Саны	%
Экологиялық ұйымдар, спорттық, туристік, аңшылық, автомобиль клубтары/бірлестіктер	134	6,7
Қайырымдық бастамалар / акциялар	115	5,8
Мәдени, табиғатты қорғау қозғалыстары, бастамашыл топтар, қызығушылықтары бойынша клубтар	69	3,5
Қайырымдылық ұйымдары	79	4,0

Әйелдер ұйымдары	30	1,5
Бастамашыл топтар, ата-аналар бірлестіктері (мектепке дейінгі балалар, оқушылар, мүгедектер)	36	1,8
Кәсіподақтар	144	7,2
Тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдары	16	0,8
Территориялық қоғамдық өзін-өзі басқару, тұрғын үй топтарын жөндеу бойынша жергілікті бастамашыл топтар, студенттік/мектептік өзін-өзі басқару органдары	36	1,8
Құқық қорғау ұйымдары	38	1,9
Тұрғын үй комитеттері, үйлер, кіреберістер бойынша жауаптылар	33	1,7
Жастардың саяси емес сипаттағы бейресми бірлестіктері	25	1,3
Жастардың саяси бірлестіктері	42	2,1
Діни қауымдар, ұйымдар, қозғалыстар	12	0,6
Кәсіби қауымдастықтар/ шығармашылық одақтар	25	1,3
Мүгедектер қоғамы	6	0,3
Ұлттық-патриоттық мағынадағы қозғалыстар	7	0,4
Этникалық қауымдар, ұлттық диаспоралар, жерлестіктер	7	0,4
Ешқандай ұйымда тұрмаймын	1400	70,0
Жауап беруге қиналамын	60	3,0

Донорлыққа, қан тапсыруға қалай қарайсыз?

	Саны	%
Бір адамға менің қаным керек болуы мүмкін, көмек көрсеткім келеді	784	39,2
Қан менің туыстарыма қажет болса, донор боламын	670	33,5
Бұл қайырымды іс	857	42,9
Бұл қосымша кіріс, жеңілдіктер	59	3,0
Бұл денсаулыққа пайдалы	213	10,7
Өзім медицина қызметкерімін	31	1,6
Донор болып көрмегенмін, болғым да келмейді	221	11,1
Денсаулығымның нашар болғандықтан донор бола алмаймын	10	0,5
Жауап беруге қиналамын	20	1,0

Сіздің елді мекенде ұйымдастырылған қоғамдық іс-шараларға, қоғамдық өмірге Сіздің қатысуыңыздың себебі не болуы мүмкін?

	Саны	%
